

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 188 (9506) || 1954 жылғы 21 Сентябрь Сейсенбі || Шығуына 35 жыл, жеке саны 20 тыйын.

Ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың және сатып алудың жоспары толық орындалсын

Партиямыз бен үкметіміз еліміздің экономикалық күш-қуатын оған әрі нығайтуға, халқымыздың материалдық тұрмыс дәрежесін барынша жақсартуға үнемі көңіл бөліп, зор қамқорлық жасап келеді. Халық шаруашылығының барлық саласын жедел өркендету, халқымыздың әл-ауқаты мен мәдени дәрежесін үздіксіз жақсарту беру мақсатымен партия мен үкмет социалистік ауыл шаруашылығын жедел өрге бастыру, ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындауды мейлінше ұлғайту, сөйтіп, өнеркәсіптің / шикізатқа, халқымыздың азық-түлік товарларына деген өскелең қажетін толық қамтамасыз ету міндетін алға қойды.

Еліміздің экономикасын үздіксіз арттыруға және еңбекшілердің әл-ауқатын барған сайын жақсартуға ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың және сатып алудың мемлекеттік жоспарларын мерзімінде, ойдағыдай орындаудың зор маңызы бар. СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумы ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың көлемі көбейгеніне қарамастан, тамақ өнімдерінің бағасын үнемі кеміту және халықтың тұтыну талабының артуы нәтижесінде, мемлекеттің бұл өнімдерін керек етуі әлі де болса жеткілікті мөлшерде қанағаттандырылмай келеді деп атап көрсетті. Сонымен бірге Пленум партия, совет және ауылшаруашылық органдарының алдына ауылшаруашылық өнімдерін дайындау және сатып алу ісіне басшылықты жақсарту, барлық жерде ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың және сатып алудың мемлекеттік жоспарларының толық орындалуын қамтамасыз ету міндетін қойды.

Партиямыз бен үкметіміз елімізде ауылшаруашылық өнімдерінің молшылығын жасауға, әсіресе, ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың және сатып алудың кеңінен өрістетілуіне барлық жағдайды жасап отыр. Бұған колхоздарда міндетті тапсырмалардың мөлшерінің кемітілуі, мемлекетке сатып алу ретінде өткізілетін ауылшаруашылық өнімдерінің бағаларының арттырылуы толық дәлел. Бұл елімізде астық өндірісін ұлғайтуда колхоздар мен колхозшылардың материалдық ынталылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Ұйымдастыра алмай келеді. Ал, бірталай колхоздар мұндай маңызды жұмысқа әлі күнге дейін кіріскен де жоқ. Мәселен, Приешім ауданының колхоздарында быйыл мемлекетке ауылшаруашылық өнімдерін дайындау, сату жұмыстарын кең көлемде жүргізуге қажетті мүмкіншіліктің бәрі де бар еді. Ама! не, аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқоміні қолда бар орасан зор мүмкіншіліктерді ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың және сатып алудың мемлекеттік жоспарын мерзімінде және ойдағыдай орындау ісіне жұмылдыра алмай келеді. Епалдымен аудандық партия комитетінің секретары Соболев, аудандық Совет атқомінінің председателі Сәрсенбаев жолдастар егін жыйнау мен астық дайындау науқанын қысқа мерзімде, табысты өткізуге жанды басшылық жасай алмай отыр. Мұның өзі аудан колхоздарында егін жыйнау мен астық дайындаудың төзгісіз ұзаққа созылуына, мемлекетке міндетті астық тапсыру, МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу, ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың және сатып алудың мемлекеттік жоспарларының мүлде қанағаттанғысыз орындалуына әкеліп соқты. Аудан колхоздарында, әсіресе, Ленин атындағы МТС-тің қамтуындағы колхоздарда ауылшаруашылық өнімдерін дайындау және сату жұмыстары шын мәнінде басталған жоқ. Сол сияқты, ауданның колхоздарында мал шаруашылығы өнімдерін дайындаудың және сатуының жайы да нашар. Мұнда, әсіресе, ет, сүт дайындау және сату ісі өте-өте қанағаттанғысыз жүргізілуде.

Кониюхов ауданындағы Куйбышев атындағы колхозда да (Председателі Стаценко жолдас) ауылшаруашылық өнімдерін дайындау және сату жөнінде істелген жұмыс мардымсыз. Колхозда егін орағы төзгісіз бағу жүргізіліп, ауылшаруашылық өнімдерін дайындау, сату, әсіресе, астық сату ісі күні осы уақытқа дейін қолға алынған жоқ.

Совет ауданындағы Сарғомар МТС-нің қамтуындағы колхоздарда да жағдай дәл осындай. МТС, колхоз басшыларының іске немқұрайды қарауы салдарынан бітік өскен егіннің өзі жыйнамай, астық дайындау тым ұзаққа созылып отыр. Бұл

Приешімдегілер әлі де найқалуда

Приешім ауданында астық дайындау қанағаттанғысыз жүргізілуде

Приешім ауданының колхоздары егін жыйнау мен астық дайындауды алғашқы үш бескүндікте қанағаттанғысыз жүргізді. Техникалық жарамсыздықтан және ұйымдастыру жұмыстарының өз дәрежесінде болмауынан комбайндардың қуаты өнімсіз пайдаланылды. Комбайншылардың / көпшілігі күндік, бескүндік тапсырмаларды орындай алмады. Колхоз қырмандарында еңбек нашар ұйымдастырылды. Қолда бар астық тазартатын, кептіретін машиналар іске толық қосылмады. Бастырылған астық тазартылмай және дайындау пункттеріне қолма-қол жеткізілмей қырмандарда үйіліп қалуы ауданның барлық колхоздарында кездесетін фактіге айналды. Жабық қырмандардың болмауынан астықтың бүлінуіне жол берілді. Астық тасуда жүрген машиналарды пайдалану ісі тәртіпке қойылмады.

Осыған байланысты облыстық партия комитетінің бюросы август айының аяқ кезінде бұл аудандағы егін жыйнау мен астық дайындаудың барысы жайында мәселе қарап, аудандық партия комитеті мен Совет атқомінінің егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарына қанағаттанғысыз басшылық жасап отырғанын, колхоздарда, МТС-терде бұл жұмыстарды қызу қарқынмен жүргізуге жағдай туғызбағанын, колхозшыларды, МТС пен совхоз жұмысшыларын егін жыйнауды, астық дайындауды ең қысқа мерзімде өткізу ісіне жұмылдыра алмағанын атап көрсетті. Сөйтіп, облыстық партия комитетінің бюросы аудандық партия комитеті мен Совет атқомінен, МТС, совхоз директорларынан, колхоз председателдерінен қолда бар егін жыйнайтын, астықты тазартатын, кептіретін және тасыйтын машиналардың қуатын өнімді пайдалануды, колхозшылардың, МТС, совхоз жұмысшыларының еңбекке белсене қатысуын қамтамасыз етуді, тәртіп бұзушылықты, іске ұқыпсыздықты үзілді-кесілді қоюды, егіншілердің социалистік жарысын барынша өрістетуді талап етті.

Аудан партия ұйымдары мен совет, ауылшаруашылық органдары облыстық партия комитеті бюросының қаулысынан мүлдем қорытынды шығармады деуге болмайды. Олар егін жыйнау мен астық дайындауды ұйымдастырудағы орын алып келген бірқатар кемшіліктерді жоюға және бұл жұмыстарды қысқа мерзім ішінде

ұйымдары дұрыс басшылық жасаған жағдайда егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарын қызу жүргізуге, ол мүмкіншіліктерді тиімді пайдалануға болатынын көрсетеді. Бірақ, шынын айтуымыз керек, ауданда қолда бар күш-мүмкіншіліктер әлі де болса толық пайдаланылмай отыр. Әсіресе, бұл ауданда мемлекетке астық тапсырудың жайы өте нашар.

Буденный атындағы колхозда құрап піскен егіннің дәні құйыла бастаған. Мұнда егін жыйнап жүрген Приешім МТС-нің механизаторлары астықтың сабағында тұрып ысырап болуына жол бермеу үшін уақытпен санаспай еңбек етіп жүр. Алайда, олардың бұл инициативасын колхоз басқармасы, оның председателі Лепехин жолдас қолдап отырған жоқ. Ол механизаторлардың тамақты жұмыс басына әкеліп беруді ұйымдастыру жөніндегі өте орынды талаптарына құлақ аспайды. Тіпті Лепехин колхоз қоймасында бар азық-түлікті бригада басына жеткізіп беруді де ұйымдастырмаған. Ас пісірушілердің ешкімнің ұруқатынсыз бетімен кетіп қалуы себепті Чайнов жолдас басқаратын трактор бригадасындағы механизаторлар 14 және 15 сентябрьде екі күн бойына жөнді тамақ ішпестен жұмыс істеген. Бұл бригададағы комбайншыларға уақытылы нан пісіріп бермеу жиі кездесетін фактіге айналған. Мұндай жағдай Ленин атындағы, Тимирязев атындағы МТС-тердің колхоздарында да орын алып отыр. Колхоз басшыларының егін жыйнауда жүрген механизаторларды қоғамдық тамақпен қамтамасыз етпеуі олардың еңбек өнімділігін арттыруға кері әсерін тигізіп келеді.

Аудан колхоздарында қырмандағы астықты тазарту жұмысы әлі де болса өз дәрежесінде жүргізілмейді. Көптеген астық тазартатын машиналар босқа қарап тұрады. Соның өзінде ауданның қай колхозының қырманда болса да, тазартылмаған астық тау-төбе болып үйіліп жатыр. Аудан, МТС басшылары колхоз қырмандарында жиі болып тұрады. Оларда тазартылмай жатқан мыңдаған центнер астықты көреді. Бірақ, оларды тазарту жұмысын ұйымдастыру, жөнінде колхоз председателдеріне практикалық көмек көрсетпейді. Істі «астық тазартқыштардың толық және өнімді жұмыс істеуін ойластыру керек, қырманда астық

гісіз нашар. МТС директоры Нечипуренко жолдас мемлекетке астық тапсыру жұмыстарына бөлінген машиналарды колхоз қырмандарында астықтың үйіліп жатқанына қарамастан босқа жұмыстарға—ағаш, кіріш, құрылыс үшін керекті тас, тағы басқа құрылыс материалдарын тасуға пайдаланып келеді. Жүк автомашиналарының орынсыз пайдаланылуына жол бермеу жөнінде жоғары орындардан талай рет ескертілсе де, Нечипуренко жолдас ол ескертулерден қорытынды шығармай отыр. Сондықтан да МТС қамтуындағы колхоздардың астық тапсыру жөніндегі күндік, бескүндік тапсырмаларды үнемі орындамауы кездейсоқ іс емес.

Аудан колхоздарында жаңадан алынған 17 «ВИСХОМ» астық келтіргіштері бар. Бірақ, олардың көпшілігі астық келтіруге пайдаланылмайды. Мәселен, Ворошилов атындағы колхоздағы астық келтіргіш пешінің дұрыс салынбауы себепті ол астық келтіруге пайдаланылмастан тұр. Колхоз председателі Белоусов жолдас астық келтіргіштің пешін қайта жасау жөнінде ешбір шара қолданбаған. Ал, колхоздың қырмандарында дымқылдығы 25 процентке дейін баратын 6 мың центнерден астам астық жатыр. Оны келтіру жұмысы ұйымдастырылмағандықтан астық қызып, бүліне бастаған. Сол сияқты, «ВИСХОМ» астық келтіргіштері Куйбышев атындағы, «ПН Интернационал» колхоздарында да көбіне босқа тұрады.

Бастырылған астықты тазарту, келтіру және мемлекеттік дайындау пункттеріне жөнелту жұмыстарының қанағаттанғысыз ұйымдастырылуы аудан колхоздарында астық тапсыру жоспарының орындалу барысына өзінің кері әсерін тигізіп келеді. Аудандық партия комитетінің секретарлары Соболев, Шушин, аудандық Совет атқомінінің председателі Сәрсенбаев жолдастар астық дайындау жұмысын қолда бар күш-мүмкіншіліктердің дәрежесіне сай ұйымдастыруда өздерінің қабілетсіздігін көрсетіп келеді. Олар астық тазартатын, кептіретін және тасыйтын машиналарды жұмысқа толық және өнімді пайдалануды қанағаттанғысыз ұйымдастырып отырған МТС, колхоз басшыларынан бұл іске жауапкершілікті күшейтуді талап етпейді. Астық дайындау жұмысын жақсарту жөнінде қабылданған қаулы-

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ (1-бет).
Р. Бөдірленов. —Приешімдегілер әлі де найқалуда (1-бет).
КОМСОМОЛ ТҰРМЫСЫ: В. Воиннов. —Жаңа жұмыстың алғашқы нәтижелері. С. Қазанбаев. —Нұсқаушының орны —колхоз бен МТС-те (2-бет).
Б. Жақыпов. —Булаев ауданында (2-бет).
И. Волченнов. —Егін жыйнау мен астық дайындаудағы кемшіліктер тез жойылыс (2-бет).
БҮГІНГІ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ КӨРМЕСİNДЕ:

М. Келчевский —Ара өсіру шаруашылығы павильонында (2-бет).
Міндетті еңбек күн минимумының белгіленуі кешіктірілмесін (3-бет).
В. Александровский. —Баспасөз тарату туралы (3-бет).
Р. Калиберда. —Пионер ұйымдарындағы сайлау дұрыс өткізілсін (3-бет).
А. Сиротов. —Әрбір колхоздың су қоймасы болсын (3-бет).
Л. Делюсин. —Тайвань —Қытай Халық Республикасының бөлінбес бір бөлігі (4-бет).
Шетел хабарлары (4-бет).

Мұнда Николай Островский тұрды

Москваың кісі өте-өте көп болатын магистральдарының бірі — Горький көшесіндегі № 14 үйде жазушы Николай Алексеевич Островскийдің музей-үйі орналасты. Мұнда жұмысшылар, қызметшілер, колхозшылар, Совет Армиясының жауынгерлері келеді. Әсіресе, мұнда жастар көп болады.

Келушілер жазушы өмірінің соңғы жылдарын өткізген оның жұмыс бөлмесінің табалдырығынан толқынды сезіммен аттайды. Ондағы заттардың барлығы да Н. Островскийдің өз тұсындағыдай қойылған. Шкафта және жұмсақ полкаларда —К. Маркстің, Ф. Энгельстің, В. И. Лениннің, И. В. Сталиннің шығармалары, орыс классиктерінің және совет әдебиетшілерінің шығармалары, шетел авторларының кітаптары. Бровка жанында жазу машинкасы қойылған үстел. Мұнда автордың айтып тұруымен «Дауылдан туғандар» романының бірінші бөлімі жазылды. Жазу үстелінде — радиоқабылдағыш және репродуктор: жазушының жұмыс күні соңғы хабарларды тыңдаумен басталатын.

Көз жанарынан айырылып, жылжу мүмкіншілігін жоғалтқан, бірақ, өзінің мұқалмас еркін сақтап қалған Н. Островский осы бөлмеде өзінің қайнаған жұмыстарын атқара берді. Осы бөлмеде тұрып ол комсомолдың Бүкілукраиналық IX съезіне арнап сөз сөйледі. Оған еліміздің атақты адамдары, өндіріс озаттары келетін. Мұнда жазушы Серафимович, Фадеев, Шолохов болды. Өзінің қонақтарымен — комсомолецтермен және жастармен Островский құмарлана әңгімелесетін.

Музей экспонаттары Н. Островскийдің творчествосы мен өмірдегі ерлігі совет жастарының мінез-құлқын қалыптастыруда зор роль атқарғандығын көрсетеді. Бөлменің қабырғаларында — Краснодар батырларының, Зоя Космодемьянскаяның, Лиза Чайкинаның, Александр Чекалиннің портреттері. Олардың әрқайсысы барлық өмірі бойына Павел Корчагиннің таза, жалынды бейнесін өзінің жүрегінде сақтап өтті. Витриналарда күйген, оқ және мина сынықтары тесіп өткен «Құрып қалай шынықты» деген кітаптың даналары. Бұл кітапты Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанды қорғаған жауынгерлер оқыды.

Фотосуреттерде —Корчагин мен Островский

Облысымыздың социалистік ауыл шаруашылығын өркендетуге мемлекет тарапынан зор қамқорлық көрсетіліп келеді. Облыс колхоздары мен совхоздары отандық маңдай аяды техникамен мол жабдықтауының нәтижесінде тың және тыңайған жерлерді ойдағыдай игеруде. Колхоздар мен совхоздар ауыл шаруашылық ғылымдары мен озат тәжірибенің табыстарын өндірісте батыл қолданудың арқасында бйыл бітік егін өсірді. Облыстың бір қатар алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздары бұл күндері осы бітік егінді ырапсыз жыйнап, астықты мол дайындауда.

Алдыңғы қатарлы шаруашылықтар мемлекетке міндетті астық тапсырудың жоспарын орындаумен бірге, ауыл шаруашылық өнімдерін дайындаудың және сатып алудың мемлекеттік жоспарларын ойдағыдай орындауға да жете көңіл бөледі. Мұндай шаруашылықтардың қатарына Петропавл ауданындағы «Друж Ленин» колхозын қосуға болады. Бұл колхоз егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарын алғашқы күннен тыңғылықты ұйымдастырып, айтарлықтай табыстарға жетті. Колхоз мемлекетке міндетті астық тапсыру, МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу жоспарын кәзірдің өзінде толық орындап шықты. Осымен бірге колхоз ауыл шаруашылық өнімдерін дайындаудың және сатудың жоспарларын орындау жөнінде де бірталай жұмыстар істеді. Кәзірдің өзінде мұнда мемлекетке 400 центнер астық сатылды. Егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп, колхоз мемлекетке үстіміздегі жылғы 5100 центнер астық сатуға ұйғарып отыр.

Бірақ ауыл шаруашылық өнімдерін дайындаудың және сатып алудың мемлекеттік жоспарының орындалуы барлық жерде бірдей жақсы ұйымдастырылып отыр деп айта алмаймыз. Облыстың көптеген колхоздары жұш- мүмкіншіліктің жеткіліктілігіне қарамастан, осы күнге дейін ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау және сату жұмысын тыңғылықты

бірге-бірі мемлекетке міндетті астық тапсырудың да, ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау мен сатудың да тағайындалған жоспарын әлі күнге орындамаған.

Мұндай фактілерді облыстың басқа да бірнеше аудандарынан кездестіруге болады. Мұның бәрі жергілікті партия, совет және ауыл шаруашылық органдарының ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау және сату сыяқты аса маңызды жұмысқа әлі күнге дейін жете көңіл бөлмей, оған нашар басшылық жасап отырғанын дәлелдейді.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау жоспары ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау және сатып алудың мемлекеттік жоспарлары толық орындалған күнде ғана орындалады деп есептеледі. Олай болса, жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауыл шаруашылық органдары ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау, сату, МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу жоспарын орындауға басшылықты мықтап жақсартулары керек.

Бұл үшін егін жыйнау мен астық дайындауды тез, ырапсыз аяқтап, астықты әрбір колхозда мол дайындауға барлық жағдайды жасау керек. Облыс еңбекшілерінің картоп, ояш, дақылдарына деген қажеті барған сайын өсе түсіп отыр. Демек, жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауыл шаруашылық органдары картоп пен ояш дақылдарының қолайлы мерзімде, ырапсыз жыйналып, олардың дұрыс сақталуына барлық жағдайды жасауға тиіс.

Ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау және сатып алудың жоспарларын ойдағыдай орындауда сауда орындарына зор міндеттер жүктеледі. Олар бұл жөніндегі жұмыстарын жандандырып, ауыл шаруашылық өнімдерінің үздіксіз сатылып алынуына жетісуге тиіс.

Облысымыздың еңбекшілері, ауыл шаруашылық өнімдерін дайындаудың және сатып алудың мемлекеттік жоспарларын ойдағыдай орындап, елімізде ауыл шаруашылық өндірісін ұлғайтуға өзіміздің келелі үлесімізді қосайық!

Финляндия республикасының президенті Ю. К. Пааскивиді Ленин орденімен наградау туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Уақытша бітім туралы келісімнің он жылдығына байланысты және Финляндия Республикасының президенті Ю. К. Пааскивидің бейбітшілікті нығайту үшін аса зор маңызы бар Совет Одағы мен Финляндияның арасындағы достық қатынастарды өркендету ісіне қосқан аса көрнекті үлесі ескеріліп, Юхо Кусти Пааскивиді Ленин орденімен наградаласын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председатели **Н. ВОРОШИЛОВ.**
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ПЕГОВ.**
Москва, Кремль.
18 сентябрь, 1954 жыл.

ЖОСПАРДАН ТЫС БОЛАТ ПРОКАТ

ТЕМПРТАУ, (ҚазТАУ). Қазақ металлургия заводы сентябрьде жоспардан тыс жүздеген тонна болат пен прокат береді. Металлургтер өндірісті үздіксіз жетілдіруде. Егер бұрын мартен пештеріндегі шлақ қолмен алынатын болса, ал кәзір

еңбек көп кететін бұл операция толығынан механикаландырылған. Пештердің жөндеуаралық жұмыс мерзімін ұзарту үшін олардың күмбездері ыстыққа төзімді хроммагнетитті кірпіштен қаланады. «280» станьнда пешті көмірмен толтырудың пневматикалық әдісі игерілді.

өткізуге бағытталған едәуір шараларды белгілеп, олар шараларды жүзеге асыру жөнінде әжептәуір жұмыс істеді. Алдымен, комбайндарды техникалық және шаруашылық жағынан қамту ісі жақсартылды. Комбайн агрегаттарының тәулік бойы тоқтаусыз жұмыс істеуі қамтамасыз етілді. Көптеген комбайншылар күндік, бескүндік тапсырмаларын толық және асыра орындауға жетісті. Осының нәтижесінде аудан колхоздарында егін жыйнауын қарқыны едәуір арттырылды. Егер колхоздарда 10 августан 5 сентябрге дейінгі бес бескүндікте 17846 гектар ғана егін жыйналса, сентябрь айының екінші және үшінші бескүндіктерінде ғала 22962 гектар егін жыйналды. Тіпті осы екі бескүндікте аудан колхоздарында күндік тапсырмаларын орындамаған комбайншылар болған жоқ.

Бастырылған астықты тазарту, кептіру, дайындау пункттеріне жеткізу ісі де едәуір жолға қойылды. Колхоздардың көпшілігінде астық қабылдайтын пункттер ашылды. Оларға астық күні-түні бірдей жеткізілуі ұйымдастырылды. Көптеген колхоздарда мемлекетке астық тапсыру жұмысы жақсартылды. «Образцовый» колхозы сентябрьдің екінші және үшінші бескүндіктерінде мемлекетке 1600 центнер астық тапсыруға тиіс болса, оны 1981 центнер егін орындады. Ал, Қызыл-өскер совхозының № 1 және № 3 фермалары (басқарушылары Д. Комский, Сентов жолдастар) мемлекетке міндетті астық тапсыру жөніндегі жоспарды 17 сентябрьде толық орындап шықты.

Міне, мұның барлығы аудан колхоздарында, МТС-тер мен совхоздарында егін жыйнау, астық дайындауды ойдағыдай жүргізуге күш-мүмкіншіліктердің жеткілікті екенін және аудан, МТС, колхоз, совхоз басшылары мен олардағы партия

тың үйлі қалуына жол бермеу керек» деген жалпылама нұсқау берумен бітіреді.

Аудандық партия комитеті мен Совет атқомі колхоздарда астық тазартатын машиналардың жеткіліксіздігін ескеріп, аудандық өндіріс комбинатының директоры Сердюк жолдасқа Потаповтың конструкция бойынша 12 астық тазартқыш жасап, оларды колхоздарға беруді тапсырған. Сердюк жолдас бұл тапсырманы орындауды төзгісіз ұзаққа созды. Соның өзінде өндіріс комбинатының жасап шығарған велжалары пайдалануға жарамсыз болып шықты. Ал, Сердюк жолдас бұл кемшіліктерді жою жөнінде әлі ешқандай шара қолданбай отыр.

Колхоздарда мемлекетке астық тапсыру жұмысының нашар жүргізілуіне себепші болып отырған жағдай жүк автомашиналарының дұрыс пайдаланылмауында. Мәселен, Боголюбово авторотасының 30 жүк автомашинасы Ленин МТС-нің қамтуындағы колхоздардан дайындау пункттеріне астық тасуға бөлінген. Авторотаның командирі Дехтаров жолдасның еңбек тәртібін нашар ұйымдастыруынан шоферлардың көпшілігі өздері тарайындалған колхоздардың астықын тасуға нашар қатынасады. Олар ауа райының қолайлы жағдайларының өзінде тәулігіне бірден артық рейс жасамайды. Шоферлар көбінесе өз беттерімен кетіп қалады. Мәселен, 15 сентябрь күні авторотадағы 30 машинаның тек 18-і ғана жұмыс істеді, ал, қалған 12 машинаның қайда екенін Дехтаров жолдас білмеді. Мұның өзі Дехтаров жолдасның жауапты іске жауапсыз қарайтындығын көрсетеді.

Жүк автомашиналарын астық тасуға пайдалану ісі Приешім МТС-інде де төз-

Айта кететін бір жағдай, колхоздардың бастауын партия ұйымдары егін жыйнау мен астық дайындау жұмыстарын ұйымдастыру ісінен мүлдем тысқары қалып қойған. Соңғы кезде егіншілер арасында үгіт-бұқаралық жұмыстарын жүргізу, озат егіншілердің тәжірибесін тарату, көрсеткіш тақта, қабырға газеттері, жауынгерлік листоктар арқылы жұмыстың күнделікті барысын көрсетіп отыру ісі мүлдем бетімен жіберілген. Көп колхоздарда комбайншылардың социалистік жарысы тек қағаз жүзінде ғана қалып қойған. Аудандық партия комитеті және оның МТС аймақтары жөніндегі партия топтары бірыңғай шаруашылықпен айналысып, бастауын партия ұйымдарының партиялық-ұйымдастыру жұмыстарын жақсартуға басшылық етуді мүлдем естен шығарып алған.

Приешім ауданындағы колхоздарда облыстық партия комитеті бюросының қаулысын жүзеге асыруда, демек, егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарында орын алып отырған кемшіліктер әлі де болса көп. Мұның өзі ауданда егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарының төзгісіз баяу жүргізілуіне әкеліп соғып отыр. Солай бола тұрса да, ауданның колхоз, совхоз және МТС басшылары әлі де найқалумен келеді.

Аудан басшылары істе орын алып отырған кемшіліктерді жоюға басшылықты жақсарты отырып, таяудағы күндер ішінде егін жыйнауын барлық колхоздарда толық аяқталуын, мемлекетке астық тапсыру жоспарының әрбір колхоз бойынша толық орындалуын қамтамасыз ететін шұғыл шараларды жүзеге асыруға міндетті. Олардан мемлекет мүддесі осыны талап етеді.


Р. БӘДІРЛЕНОВ.
БОГОЛЮБОВО. (Арнаулы тілшіміз).

алдыңғы қатарлы өндірістік комсомол бригадаларына қатысушылар. Музейдің Волга-Дон құрылысшыларына сыйлыққа берген «Құрып қалай шынықты» деген кітабы назар аударады. Кәзір кітап қайтадан Москвада. Оның мұқабасына жазушы — коммунист Николай Островскийдің аты В. И. Ленин атындағы Волга-Дон кеме қатысы қанатының құрылысында табысқа жеткені үшін өздігінен жүретін ЭШ-14/65 әксковатордың экипажына бейнегендігі жазылған. Бұл экипаждың бастығы А. Усков Социалистік Еңбек Ері атағын алды.


Павел Корчагиннің бейнесі қиыншылықтарды жеңуге жігерлендіреді. Тың және тыңайған жерлерді игеруге кеткен жас жігіттер мен қыздардың сансыз көп хаттары осы туралы айтады.

Совет жастарының сүйікті романы «Құрып қалай шынықты» шетелдерде де кеңінен әйгілі. Ол 26 елде 92 рет баспадан шықты. Міне, оның ұғтай тіліндегі бір данасы, онымен бірге Қытайдың Халық-азаттық армиясының солдаттары өзінің Отанының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресті. Музейде Қытай делегацияларының көптеген сыйлықтары — Қытай художниктері салған суреттердің альбомы, «Құрып қалай шынықты» спектаклінің фотосуреттері сақталуда. Болгар, поляк, румын газеттері мен журналдарының мақалалары қойылған.

Келушілер Н. А. Островскийдің пластинкаға жазылған даусын зейін сала тыңдайды. Жазушының «Тек қана алға, тек қана алдыңғы шепке, тек қана қиыншылықтар арқылы жеңіске және жеңіске — басқа ешқандай да емес!» деген сөздерін ешқашан да ұмытуға болмайды. (СОТА).



СУРЕТТЕ: Тбилисидегі Шаумян көшесіндегі жаңа тұрғын үйлер. (СОТА-ның фотохроникасы).



КИЕВ. Советтік Украина астанасының орталық Крещатик магистралі күн санап гүлденіп, көркейе түсуде. СУРЕТТЕ: Крещатиктегі жаңа тұрғын үйлер. (СОТА-ның фотохроникасы).

КОМСОМОЛ ТҰРМЫСЫ ЖАҢА ЖҰМЫСТЫҢ АЛҒАШҚЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

Облыс комсомол ұйымы БЛКЖО Орталық Комитетінің аудандық комсомол комитеттерінің ашаратын қайта құру туралы қаулысын зор қуанышпен қарсы алды. Өйткені, бұл қаулы селолық комсомол комитеттерінің бастауыш комсомол ұйымдарына басшылық жасаудағы несіздікті жойып, колхоз, МТС комсомол ұйымдарының ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жолындағы күресте белсенділіктерін арттырудың мүмкіндігін тугызды.

Партия ұйымдарының көмегі мен басшылығына сүйене отырып, аудандық комсомол комитеттері өздерінің жұмыстарын жаңа талапқа сәйкес қайта құру жөнінде бірқатар шараларды жүзеге асырды. Бұл жұмыста МТС аймақтары жөніндегі нұсқаушыларды іріктеп алу және оларға нұсқау беру мәселелеріне ерекше назар аударылды. Нұсқаушылар құрамы орта дәрежелі білімдері бар және бұрын комсомол жұмысында болып, тәжірибе алған коммунистер мен комсомолецтер есебінен толықтырылды. Мәселен, олардың құрамында аудандық комсомол комитеттерінің бұрынғы бөлім меңгерушілері коммунистер Жағыпаров, Әбілмәжінов, Қазанбаев, комсомолецтер МТС комсомол ұйымының секретары Поничев, агроном Жижин және басқалары бар.

Август айында облыстық комсомол комитеті аудандық комсомол комитеттерінің МТС аймақтары жөніндегі нұсқаушыларының екі күндік семинар-кеңесін өткізді. Оған қатысушылар облыс комсомол ұйымының ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі айбынды міндеттері туралы, комсомол жұмысының практикалық мәселелері жөнінде баяндамалар тыңдады.

Аудандық комсомол комитеттерінің МТС аймақтары жөніндегі нұсқаушыларының жұмысқа кіріскелі екі айға жуық уақыт өтті. Өрнек, бұл олардың жұмысына қорытынды жасау үшін көп уақыт емес. Алайда, МТС аймақтары жөніндегі нұсқаушылардың алғашқы қадамдары жұмыста игі нәтиже бере бастағанын айқын дәлелдеуде.

Нұсқаушылардың барлығы дерлік МТС немесе колхоз орталықтарына көшіп барып, бастауыш комсомол ұйымдарының өмірімен үнемі араласып, комсомолецтер және жастар бұқарасымен байланысты жақсартта түсті. Мұның өзі бастауыш комсомол ұйымдарына басшылық жасауда болып келген несіздік пен үстірттікті жоюдың, колхоздар мен МТС комсомол

ұйымдарының бүкілхалықтық іс-шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі күресте белсенділіктерін арттыру мақсатының жүзеге асырылуының басты шарты болып отыр. Бұл жөнінде бірқатар мысалдар келтіруге болады.

А. Груздов жолдас бұрын Петропавл аудандық комсомол комитетінің ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы болып істегенде белгілі бір тапсырмалар бойынша ғана колхоздарда болып, комсомол ұйымының жұмысымен терең таныспағандықтан оған қажетті көмек көрсете алмайтын. Көзір жағдай мүлдем басқа. Ол — Петропавл МТС-і аймағында нұсқаушы. Груздов жолдас колхоздарда комсомол ұйымының мүддесі қанша қажет етсе, сонша уақыт болады. Мәселен, «Луч Ленина» колхозында болғанда ол колхоз комсомол комитеті мүшелерінің астық жыйнау мәселесінен тыс қалғанын, жас колхозшылардың арасында бұқаралық-саяси жұмыстың жеткіліксіз жүргізіліп отырғанын байқады. Нұсқаушы колхозда бірнеше күн болып, комсомол комитетінің мәжілісін өткізуді, онда комсомолецтердің егін жыйнаудағы авангардтық ролі туралы мәселе талқылауды ұйымдастырды. Комсомол комитетінің мүшелері астық қырандарындағы, комбайн агрегаттарындағы жұмыстың жауапты учаскелеріне белгіленді.

Мұнан кейін нұсқаушы колхоздағы орта мектепте болып, жоғарғы класс оқушыларының егін жыйнауға көмек көрсетуін ұйымдастырды. Көзір X-класс оқушылары астық қырандарында үш звено болып жұмыс істейді. Өрбір звенода мектеп комсомол комитетінің мүшелері, класс жетекшілері бар. Көзір мектеп оқушыларынан құрылған звенолар күн сайын 420—450 центнерден астық тазалап, колхозға зор көмек көрсетуде.

Аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі секретары Тимошин жолдас топ қызметкерлерінің кеңесіне Груздов жолдасы да қатыстырып, комсомол ұйымдарының жұмысын жақсарту жөнінде жүргізілген жұмыстарға қорытынды жасап, кезекті міндеттерді көрсетеді.

Облысымызда Груздов сыяқты нұсқаушылар аз емес. Ленин аудандық комсомол комитетінің Ильич атындағы МТС аймағы жөніндегі нұсқаушысы Қазанбаев, Преснов аудандық комсомол комитетінің Баян МТС аймағы жөніндегі нұсқаушысы Спенцов жолдасар колхоз, МТС комсомол ұйымдарына жұмысты жақсарту жөнінде нақты көмек көрсетіп жүр.

Алайда, аудандық комсомол комитетінің МТС аймақтары жөніндегі нұсқаушыларының жұмысын ұйымдастыруда көп кемшіліктер бар. Бірқатар аудандық комсомол комитеттері нұсқаушылар құрамын іріктеп алып, оларды МТС аймақтарына бекітумен ғана қанағаттанып отыр.

Булаев аудандық комсомол комитетінің Калинин атындағы МТС аймағы жөніндегі нұсқаушысы Богданович жолдас комсомол жұмысынан тәжірибесі аз, жас қызметкер. Ол жұмыстың басты буындарына назар аударуда көп қиындықтарға кездеседі. Алайда, аудандық комсомол комитетінің секретарьлары Еременко, Зарипова жолдасар МТС аймағында болып, нұсқаушының жұмысына көмек көрсетуді естен шығарған. Мұндай жағдай Совет, Полудень, Соколов аудандарында кездеседі.

Селолық комсомол комитеттерінің жаңа жағдайдағы жұмысын нұсқаушылардың тәжірибелерін қорытуды, оны жалпының игілігіне айналыруды қажет етеді. Солай бола тұрса да осы күнге дейін облыста бірде-бір аудандық комсомол комитеті нұсқаушылардың жұмыс тәжірибелерін зерттеу, жыйнақтау мәселелерімен шұғылданған емес. Бұл үлкен кемшілік. Біз колхоз, МТС комсомол ұйымдарына басшылықты жақсарту үшін ең алдымен нұсқаушылардың жұмысына арқаулан назар аударып отыруға міндеттіміз. Өйткені, жергілікті жердегі жағдайдың тағдырын шешуде нұсқаушылар зор роль атқарады.

Айта кету қажет, ҚЛКЖО облыстық комитеті де селолық комсомол комитеттерінің жаңа жағдайдағы жұмысына басшылықты еске алған міндеттер дәрежесіне сай ұйымдастыра алмай келеді. Біздің нұсқаушыларымыз, басқа да қызметкерлеріміз колхоздар мен МТС-терде сирек болады.

Ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі программаны орындауда комсомолецтер мен жастардың ролі орасан зор. Сондықтан біздің айбынды міндетіміз — аудандық комсомол комитеттерінің МТС аймақтары жөніндегі нұсқаушыларының жұмысын жақсартып, село комсомол ұйымдарының колхоз, МТС өндірісіндегі белсенділіктерін арттыра беру болып табылады.

В. ВОЙНКОВ,

ҚЛКЖО облыстық комитетінің секретары.



Петропавл шойын құю-таразы заводның үлгі құюшысы, комсомолка Нина Грамотчикова сменалық нормасын екі еседен асыра орындай отырып, үздік сапалы бұйымдар құйып шығарады. СУРЕТТЕ: аға үлгі құюшы Л. Саврак (оң жақта) Л. Грамотчикованың құйып шығарған үлгілерінің сапасын тексеріп тұр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Булаев ауданында

Мол өнім

«Гигант» колхозы жыл сайын оvoidь егістерінің көлемін кеңейтіп, одан мол өнім алуда. Быйыл колхозда оvoidь егістерінің көлемі екі есе ұлғайтылды. Колхозшылар оvoidьтан алынған мол өнімді колхоз базарлары арқылы сатып, 100 мың сом пайда тапты. Колхоз мемлекетке тағы да нартоп және оvoidь сатып, 250 мың сом пайда табуды көздеп отыр.

Жүк машинасы

Коминтерн атындағы колхозда бұрын 4 жүк машинасы болатын. Колхоз быйыл жаңадан 3 жүк машинасын сатып алды. Көзір колхозда 7 жүк машинасы бар. Колхозшылар жыл аяғына дейін мемлекетке берілген ет пен сүттің ақшасына тағы да 1 жүк машинасын және «Победа» жеңіл машинасын сатып алмақ.

Жаңа астық кептіргіштер

Булаев станциясындағы ауданаралық «сельхозснаб» мекемесі Булаев, Қонохов аудандарының колхоздарына көптеген астық кептіргіштер мен астық тазалағыштар сатты. Осы жылдың август айынан бері колхоздарға 11 «ВИСХОМ» астық кептіргіші, 24 астық тазалайтын веялқалар мен астық тазалағыш машиналарды жүргізетін 18 «Л—6» двигательдері сатылды.

Егін жыйнау мен астық дайындаудағы кемшіліктер тез жойылсын

Солтүстік Қазақстан облысының еңбекшілері партиямыз бен үкметіміздің күнбе-күнгі қамқорлығының арқасында быйылғы жылы егіншіліктің мәдениетін арттыруда елеулі табыстарға ие болды. Облыстың колхоздары мен совхоздары өткен жылға қарағанда быйыл егін көлемін тың және тыңайған жерлер есебінен мыңдаған гектар ұлғайтып, бітік егін өсірді.

Бітік өскен егінді ысрапсыз жыйнап алуға облыста күш-мүмкіншілік жеткілікті. Колхоз, совхоз даласында мыңдаған комбайндар мен автомашиналар және тракторлар жұмыс істейді. Тек быйылғы жылдың 7 айында облыс колхоздары мен совхоздарына мемлекет тарапынан 700 шынжыртабанды трактор, 300 комбайн және жүздеген астық тазартқыштар мен астық кептіргіштер берілді. Еліміздің басқа облыстарынан көмекке 600 комбайн, 1100 автомобильдер және жүздеген мамандар келді. Мұның өзі егінді қысқа мерзімде жыйнап алуға толық мүмкіншілік дәр деген есеп.

Көптеген механизаторлар өздерінің барлық күш-мүмкіншіліктерін техника күшінің өнімді пайдалануға жұмсауда. Баян МТС-нің комбайншысы, Социалистік Еңбек Ері Асадулаев, Петропавл МТС-нің комбайншысы Социалистік Еңбек Ері Шварц, қос өрдені Ким, Кель және басқа комбайншылар егін отуда жақсы көрсеткіштерге ие болып жүр. Полудень ауданындағы комбайншы Волков жолдас «Ступица-6» комбайнымен бір күнде 48 гектар егін жыйнап, 4 нормаға дейін орындайды.

Алайда, облыста осындай игі нәтижелермен бірге егін жыйнау және астық дайындау жұмыстарында елеулі кемшіліктер де орын алып отыр. Оның ең негізгісі — егін жыйнауға және астық дайындауға орасан зор техника күшінің пайдаланылмай келе жатқандығы. Бұл жөнінде мысалға Полудень және Ново-Георгиев МТС-терін алуға болады. Бұларда осы уақытқа дейін әрбір комбайнмен орта есеппен небары 6—7 гектардан ғана егін жыйналып келеді. Күннің алдык болуына қарамастан аудандағы Чапаев атындағы колхозда 8 комбайнмен бір күнде небары 10 гектар ғана егін жыйналды.

Комбайндардың мұндай өнімсіз пайдаланылуына алдымен МТС және колхоз басшылары кінәлі. Олардың іске нақтылы басшылық жасамауынан комбайндардың біразы техникалық жарамсыздықтан қарап тұрса, енді бір бөлегі оларды қамту ісінде елеулі кемшіліктердің орын алуынан уақыттарын босқа өткізеді.

Полудень МТС-нің директоры Лосев жолдас комбайн агрегаттарының жұмысына қанағаттанғысыз басшылық етеді. Ол егін жыйнау мен астық дайындаудың шешуші кезеңінде байқалатын кемшіліктерді тез жойып, егінді қысқа мерзімде жыйнап алуға толық мүмкіншілік дәр деген есеп.

ті мұнда жауынды күндері бірсыпыра астық қызып, бүлінді.

Кейбір жерлерде комбайндардан қырмандаға әкелінген астық өлшенбейді. Бұл жөнінде мысалға Киров атындағы колхозды алуға болады. Мұнда қырманға келген астық көз мөлшерімен өлшенетін болған. Тіпті бұл колхоз дайындау пункттеріне жөнелтілген астықты да өлшемейді.

Бірқатар колхоздарда сабақта тұрған егіннің дәні құйылуда. Қонохов ауданындағы «Жаңа тұрмыс», Куйбышев атындағы колхоздарда егіннің дәні көптеп түскен. Мамлют ауданындағы «Заря коммунизма» колхозы егін жыйнауды 8—9 күн көшіп бастады. Колхоз председателі Халин жолдас егіндік учаскелерді іріктеп жыйнауды ұйымдастырмады. Мұның ақыры бірсыпыра егіндік учаскелердің дәні құйылуына әкеліп соқты.

Егін жыйнаудың қарқыны төмен болуы, астық ысрабына жол берілуі, бастырылған астықтың кезінде тазартылып, кептірілмеуі астық дайындау жұмысының нашар жүргізілуінің негізгі себебі болып отыр. Бұған дайындау мекемелерінің басшы қызметкерлері де үлкен кінәлі.

Дайындау министрлігінің Полудень ауданындағы өкілі Куговой жолдас астық дайындаудың бескүндік талсырмасының орындалуын колхоз басшыларынан қатаң талап етпей, жайбарақаттыққа еткізілген. Шынында бұл ауданда астық дайындаудың бескүндік талсырмасын толық орындап отыруға мүмкіншілік зор.

Астық дайындаудың қарқыны төмен болуына элеваторлар мен астық пункттерінің қызметкерлері де кінәлі. Мысалы, Мамлют элеваторында (директоры Самарин жолдас) Приешім совхозынан келген 20 автомобиль астық элеватор қызметкерлерінің кінәсінен 6 күн бойы қабылданбаған. Осы сыяқты, Приешім ауданының «Большевик», Октябрь ауданының «Заря коммунизма» колхоздарының та астығы уақытылы қабылданбады. Мұның өзі машиналардың элеваторда тәулікпен болуына, сөйтіп, астық дайындаудың талсырмасы толық орындалуына нұқсан келтірді. Самарин жолдас жаз айларында қосымша астық қоймаларын салу жоспарын көріне-көзге орындамады. Элеватор дымқылдығы мөлшерден аспаған астықты да қабылдауға әзірленбеген. Самарин өзінің істегі қабілетсіздігін бүркемелеу мақсатымен колхоз, совхоздардан келген дымқыл астықты қабылдамайтын болған.

Тоқшын элеваторында да (директоры Поляков жолдас) колхоздар мен совхоздардан келген астық тез қабылданбайды. Астық әкелген автомобильдер көптеген уақыттарын астық қотаратын орындардың болмауынан босқа өткізеді. Облыстағы «Заготзерно» мекемесінің басшылары элеватордағы бұл жағдайды біледі. Бірақ, олар Самарин және Поляков сияқты кемшіліктерді тез жойып, егінді қысқа мерзімде жыйнап алуға толық мүмкіншілік дәр деген есеп.

Нұсқаушының орны—колхоз бен МТС-те

Бұған дейін мен Ленин аудандық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі болып істеген едім. Бұрын мен колхоздар

мәселесі еске алынбаған. Комсомолец-механизаторлар мен егінші-комсомолецтердің арасында социалистік жарысты жаңа

тық ролін арттыру—аса маңызды міндет. Осыны ескеріп, біз әрбір комсомолецтің өз жұмысына жауапкершілікпен қара

мен МТС-терде жиі болып тұрғанымен, олардың нақты жағдайларымен, шаруашылық жұмыстардың барысымен, әсіресе қолхоздар мен МТС-тегі бастауыш комсомол ұйымдарының жұмыс жағдайларымен толық, әрі терең таныса алмайтынмын.

Аудандық комсомол комитетінің бюросы бұл тілегімді қанағаттандырып, мені аудандық комсомол комитетінің Ильич МТС-і аймағы бойынша нұсқаушысы етіп тағайындады. Оған, міне, екі айға жуық уақыт өтті.

МТС-ке келгеннен кейін мен ең алдымен оның қамтуындағы қолхоздардың шаруашылық жұмыстарының барысымен жете танысуды алдыма мақсат етіп қойдым. Бұл жолда аудандық партия комитетінің МТС аймағы бойынша секретары Колосов жолдас пен МТС партия ұйымының секретары Силантьев жолдасар маған көп көмек көрсетті.

Шыны айту керек, МТС қамтуындағы қолхоздардағы комсомол ұйымдарының жұмысы бұл кезде әлі де болса өз дәрежесінде емес еді. Әсіресе, комсомолдардың еңбектері авангардтық ролін арттыру

дандыру да оңайға да емес болатын. Мұндай кемшіліктің әсіресе, МТС аймағындағы ірі ұйымдардың бірі — «Бірлік» ауылшаруашылық артеліндегі комсомол ұйымының жұмысында орын алғандығы байқалды. Сондықтан мен осы ұйымның жұмысын жандандыруға көмектесуді бірінші кезекке қойдым.

Бастауыш комсомол ұйымының секретарь Опанов жолдаспен бірлесіп отырып, қолхоз комсомолдарының жалпы жыйналысын дайындадық. Онда талқыланатын мәселенің өзекті және жыйналыстың сынмен өзара сын дәрежесінде өтуіне де баса назар аудардық.

Жыйналыста комсомолдар жұмыстың жауапты учаскторіне бөлініп, әрбір бригадала үгітшілер тағайындалды. Оған А. Әубәкіров, Қ. Шәкенов сияқты актив комсомолдар белгіленді. Сол сияқты комсомолка Назым Рабдуллинаның басшылығымен астық тазалаушылар бригадасы, комсомол-қомбайншы Иван Балмыковтың қомбайн агрегаты құрылды.

Комсомолдардың еңбектері авангард-

уына, күнделік норманы асыра орындап отыруына баса көңіл бөлім. Соның нәтижесінде Рабдулина жолдас басқарған астық тазалаушылар бригадасы күнделік норманы үнемі асыра орындап, аз уақыттың ішінде 6000 пұт астық тазалап, дайындау орындарына жөнелтті. Ал, Балмыков жолдасдың қомбайн агрегаты күніне 18 гектардың орнына 20-25 гектар жердің егінін оғуға жеткізді.

Айта кету керек, МТС қамтуындағы қолхоздардың бастауыш комсомол ұйымдарында әлі де болса көптеген кемшіліктер орын алып отыр. Олардың ең бастысы — комсомолдардың еңбектегі авангардтық ролін арттыру мен олардың арасында саяси-буқаралық жұмыстардың төмен дәрежеде жүргізілуі болып табылады. Сондықтан да мен жергілікті партия ұйымдарының басшылығы және көмегімен жұмыста орын алған кемшіліктерді жою жолында қажырлылықпен еңбек етемін.

С. ҚАЗАНБАЕВ,

Ленин аудандық комсомол комитетінің Ильич атындағы МТС аймағы жөніндегі нұсқаушысы.

Жылдық жоспар асыра

орындалды

Булаев май өндіру зауыдының коллективі социалистік жарысты кеңінен өрістетіп отырып, айлық тапсырмаларын үнемі асыра орындауда. Завод 8 айдың ішінде жылдық жоспарды 106 процент етіп асыра орындап, мемлекетке жоспардан тыс 130 пұт май берді.

Озат бригада

Булаев МТС-нің қамтуындағы Коминтерн атындағы қолхозда жұмыс істейтін Николай Шалақ басқарған № 24 трактор бригадасы быйыл 6231 гектар жер жұмыстап, трактор жұмысының жылдық жоспарын 135 процент етіп орындады. Сол сияқты, Пистун, Дыбец жолдас-тар басқарған трактор бригадалары да жылдық жоспарды осы жылдың 1 септібріне дейін орындап шықты.

Б. ЖАҚЫПОВ.

ри, қомбайндардың босқа тұруына төзімділік жасап келеді. Сталин атындағы қолхозда осы МТС-тің 13 қомбайны жұмыс істейді. 9 септібрде 3 қомбайн техникалық жарамсыздықтан, бір қомбайн сүйрейтін трактордың жоқтығынан жұмысқа қатыспады. Ал, қалған 9 қомбайнмен тәулігіне небары 75 гектар ғана егін жыйналды.

Егін жыйнаудың барысы облыстың бірқатар қолхоздары мен совхоздарының егін жыйнауға әзірліксіз кіріскендігін көрсетті. Ондай қолхоздарда астық тазартқыштар мен астық кептіргіштер жеткіліксіз. Полудень ауданында екі-үш қолхозда ғана астық тазартқыштар бар. Ал, Мамлют ауданының көп қолхоздарында астық кептіргіштер бола тұрса да, олар жұмысқа өнімсіз пайдаланылып келеді. Мұның өзі астықтың шіріп, бүлінуіне негізгі себеп болып отыр.

Полудень ауданындағы Ленин атындағы қолхозда 2200 гектар бітім егінді жыйнауға әзірлік нашар болған. Оған қолхозда небары бір ғана жабық қырманың барлығы толық дәлел. Осы себеп-

рлеу, өз міндеттеріне жауапсыз қарайтын басшыларға қатаң жаза қолданбай отыр.

Облыстың қай ауданында болсын егін жыйнауды жақын арада аяқтауға, мемлекетке астықты көптеп беруге мүмкіншілік мол. Мәселе егін жыйнауға, астық дайындауға техника күшін тиімді пайдалануда, істегі орын алған кемшіліктерді дереу жоюда болып отыр. СОБП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысы жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық және дайындау орындарынан егін жыйнауды қысқа мерзімде әрі сапалы аяқтауды талап етті. Бұл міндеттің мінсіз жүзеге асырылуы елімізге астықтың көптеп берілуін және көптеп сатылуын қамтамасыз етеді, қолхоздар мен совхоздардың экономикасын нығайтады, қолхозшылардың әл-ауқат, мәдени дәрежесін жақсартып, астықтай және ақшалай табыстарын молайтады.

И. ВОЛЧЕНКОВ,

ССРО Дайындау министрлігі инспекциясының бас инспекторы.

Бүгілдоқтық ауылшаруашылық көрмесінде

Ара өсіру шаруашылығы павильонында

Ауыл шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру павильонының алып эллипсіне тауу жерден басталатын кең көлемді аллеяның бітер жерінде әсем ақ үй көрінеді. Бұл ара өсіру шаруашылығы павильонына қарасты үй. Мұнда ауыл шаруашылығының осы саласындағы қол жеткен табыстары, еліміздің бал жыйнау да рекордтық көрсеткіштерге ие болған озат омарташылардың тәжірибелері сыпатталады.

Павильон өзіне көптеген желушілерді тартуда. Мұны дәлелдеу үшін павильонға күніне орта есеппен 15—18 мың адам, олардың ішінде оңдаған арнаулы экскурсияшылардың келетіндігін айта да жеткізілгені. Бұл әрине кездейсоқ емес. Біздің елімізде ара өсіру шаруашылығы кең дамыған. Қолхоздардың жалпы санының 67 процентінің өз омарталары бар. Олардан аса қымбат бағалы тағам — бал, сонымен бірге, өнеркәсіптің қырық саласында қолданылатын маңызды шикізат — көптеген балауыз алынады.

Павильон ішінде балдың хош иісі аңқыды. Стенде арнаулы орындарда, залдың ортасындағы дөңгелекте еліміздің әр түрлі жерлерінен жіберілген балдардың оңдаған үлгілері тұр. Мұнда Рязань облысынан және Приор өлкесінен, Украин және Арменияның таулы аудандарынан, Алтай мен Шығыс Қазақстаннан және басқа да көптеген аудандардан жіберілген жеке орман және гүл балдарын көруге болады. Павильонға қойылған бал үлгілерінің барлығын бір жерге жыйнап өлшесе, оның жалпы салмағы екі тоннадан артық болады. Павильонның стендтеріне қойылған балауыз бен жасанды балауыздың көптеген үлгілерінің салмағы да бұдан сәл ғана кем түседі.

Залдың түпкірінде үш ара ұясы орнатылған. Бұл — біздің омарташыларымыз кеңінен қолданып жүрген ұялар — 20 рамалы лежак, 24 рамалы қос корпусы, 14 рамалы мағанинді қондырмалы — ара ұяларының кең тараған түрлері болып табылады. Әдеттегі ұялардан бұлардың өзгешелігі шыныдан жасалғандығында. Қашан да осы бұрышқа көп жыйналатын көруші жұрт мөдір қабырғалары арқылы аралардың жұмысын тамашалайды. Ұялардан павильон сыртына шығатын құбырлар бар. Осы жерде бал жыйнайтын учаскторден мол олақа мен оралып жатқан жүздеген араларды көруге болады.

Павильон қабырғалары бойлай орналастырылған көптеген стендтер кішкентай ғана қанатты жұмысгерлер келтіретін зор жайдаларды бейнелейтін сияқты. Міне, мысалы, Шығыс Қазақстан облысындағы «Трудовик» қолхозының омарташына арналған стенд. Бұл омартада 624 ара семьясы бар. 1952 жылы олардың әрқайсысы орта есеппен 109 килограмнан бал берді. Қолхоздың омартадан алған жалпы кірісі 327 мың сомнан асып түсті. Краснодар өлкесі, Анап ауданының Ленин атындағы қолхозының омартасы — көршілес стендтен аралардан түсетін пайданың бал мен балауыздың түсімімен ғана шектелмейтіндігін мұндағы тамаша мәліметтерден байқауға болады. Шырынды жыйнай отырып, олар тозаңдандыру жолымен көптеген ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттырып отырған. Ара семьяларын ауылшаруашылық дақылдарын тозаңдандыру үшін пайдалану жеміс ағаштарынан түсетін өнімнің 50—60 процентін, қызыл жоңышқа тұқымы өнімнің 50—100, қара құмық өнімнің 50—60, құнбағыс өнімнің 30—50 про-

центке дейін артатындығы анықталған.

Ленин атындағы қолхоздың омарташылары көңіл аударарлық жұмыс жүргізуде. Олар араларды белгілі бір ауылшаруашылық дақылдардың гүлдеріндегі хош иісті сироппен қоректендіру арқылы, оларды тозаңдандыру процесіне белсене қатысуға баулайды. Өткен жылы тек омарта шаруашылығының арқасында ғана егін өнімін арттыру балды сатудан түскен 251400 сом кірісті есептегеннен өзінде қолхозға бір миллион 318 мың 300 сом кіріс келтірді.

Ара өсіру шаруашылығы — қолхозшылардың табысын өдеуі ұғайтатын, шаруашылықтың өте тиімді саласы. Краснодар өлкесі, Тасеев ауданындағы «Белка» қолхозының омартасы тұрған стендтен мұны дәлелдейтін тамаша цифрларды көруге болады. Қолхозда соңғы он жылда жылдан бері Зинин ұрғаны және ерек араларды тек қана жұмыс қабілеттілігі өте мол семьялардан пайдалану арқылы омарта құрамын үздіксіз жақсартып келеді. Осының нәтижесінде ол аралардың өнімділігін жылдан-жылға арттыруда.

Павильонның бірқатар материалдары ұрғаны аралардың көрісін, жұмыс қабілеттілігі жоғары семьялардан алынған өсімтал аралармен ауыстыру сияқты көптеген омарташылар тәжірибесінде қолданылып жүрген әдісті баяндайды. Пенза облысындағы «9 январь» совхозының омарташысы В. Вишневикий жыл сайын ұрғаны аралардың 90 процентке жуығын алмастырады. Осы сияқты әдісті Молотов облысы Добрян ауданындағы «Веходы коммуны» қолхозының омарта меңгерушісі М. Ошвинцев және тағы басқалар қолданады. Осылай ету арқылы олар ара семьялары-

ның тез өсуіне және бал өнімін жыйнаудың арттырылуына жетісуде. Озат омарташылар ара семьяларының қысты жайлы өткізуіне жағдай жасауға өте көп көңіл бөледі. Павильонда олардың тәжірибелері туралы бай материалдар бар, ал, павильон алаңына 100 ара семьясына лайықталып, жартысы жерден қазылған типті қысқы үй көрсетіледі. Қолдарында блокноты бар оңдаған адамдар павильонға жыйнастырылған материалдарды көңіл қоя зерттеуде. Бұлар — өздерінің білімдері мен тәжірибелерін молайту үшін келген қолхоздар мен совхоздардың жұмысшы қызметкерлері. Олар еліміздің әр жерлерінде 89 түрлі атпен шығарылған кітаптармен — ара өсіру жөніндегі әдебиеттермен танысуда. Павильоннан шығысымен көруші жұртылық жасанды балауыз дайындайтын «украинка-3», электр- балайдағыш және тағы басқа ара өсіру шаруашылығында қолданылатын машиналар қойылған ашық верандаға қарай және одан әрі ағаш көлеңкесіне орналасқан көрнекті омартаға қарай беттейді. Мұнда Ауылшаруашылық министрлігі қолхоздар мен совхоздардың омарталары үшін ұсынған 24 ара семьясы бар. Олар типті ұяларға орналастырылған. Омартада арнаулы будканың ішіне сынау ұясы қойылған. Ол әдеттегі он килограмдық таралыға орнатылған. Бұл балдың күнделікті жыйналу барысын есептеп отыруға мүмкіндік береді.

Аралардың өртүрлі тұқымдары орналастырылған бақылау ұялары дейтіндер өте қызықты. Ұялардың кішкентай өсімдерін ашып, келген жұртылық шыныдан бапқұрттың мол өнім беретін түктенген қоңыр араларын, қысқа төзімділігі жақсы, олардың тау-тайға араларын, армянның түрлі ауруларға берік сары араларын және тағы басқаларын көреді. Ара өсіру шаруашылығының Краснодар өлкелік тәжірибе станциясында өсірілген аралардың «Майкопская» дейтін тобына және Рязань облысы Сасов ауданындағы

«Новая жизнь» қолхозының омартасында ара өсіру шаруашылығы институтының қызметкерлері құрып жатқан аралардың жаңа асыл тұқымды топтарына назар аудармайтын кісі жоқ. Бұл аралар өздерінің жоғары өнімдерімен ерекше назар аударады.

Омартамен қатар коллекция учаскторінің балды өсімдіктері үлкен ділем тәрізді жайылып жатыр. Мұнда бұлардың 37 түрі отырғызылған. Жүздеген аралар шырын жыйнап, үстерінен ұшып жүрген өсімдіктердің ішінде фацелия, қыяр шебі, қара құмық, кориандар және басқалары бар. Жақын жерде стенд орнатылған. Мұнда негізгі балды өсімдіктердің тізімі, оларға сыйпаттама берілген және оларды себу мерзімі көрсетілген. Омарта мен коллекция учаскторінен кейін көрушілер жыйналмалы көшпелі будкамен танысады. Ол омартада жүргізілетін барлық жұмыстарды өткізуге арналған. Өйткені, омартадағы жұмысты жабық орындарда өткізу қажет болады. Одан әрі көрушілер омарташының тұрғын орны болып табылатын омарта үйішігіне келеді. Мұнда омарта жұмыстарының жеке-жеке түрлері туралы көптеген материалдар жыйнастырылған.

Ара өсіру шаруашылығы павильонының бөлмелері мен учасктортерін аралау ұзақ уақытқа созылады. Омарташы маман да, омартаға әуестенушілер де, қысқасы мыңдап келіп жатқан халық бұл жерден өздеріне қызығалықты, әрі пайдалы көптеген жағдайлармен танысады. Павильонда алған білім және озат омарташылардың бай тәжірибесі оларға омарта шаруашылығын жақсы ұйымдастыруда, совет ара өсіру шаруашылығын дамытуда жаңа жетістіктерге жетуге зор көмегін тигізеді.

М. КЕЛЧЕВСКИЙ.

Міндетті еңбеккүн минимумының белгіленуі кешіктірілмесін

Колхоздарды ұйымдық шаруашылық жағынан нығайта түсу, оларда еңбекті дұрыс ұйымдастыру мақсатымен Үкметіміз 1942 жылы колхоздардағы еңбек етуге жарамды әрбір колхозшыға арнап, міндетті 120 еңбеккүн минимумын табуын міндеттеген болатын. Бұл тәртіп осы күнге дейін қолданылып келеді.

Колхозшылардың қоғамдық еңбекке деген ынтасын онан әрі арттыру мақсатымен үстіміздегі жылдың 23 июнінде жаңа еңбек минимумы белгіленді. Онда еңбек етуге жарамды әрбір колхозшының міндетті түрде еңбек табысының мөлшері жұмыстың әртүрлі маусымына қарай колхозшылардың жалпы жыйналыстарында белгіленетіні көрсетілді.

Колхоздарда еңбек минимумын белгілеу үшін жылдық мерзімді мынадай егіш бөлен жөн:

- 1. 1 январьдан 15 июнге дейін,
- 2. 15 июньден 15 августқа дейін,
- 3. 15 августтан 15 октябрьге дейін,
- 4. 15 октябрьден жыл аяғына дейін.

Жыйналыста колхозшылардың көпшілік дауысымен қабылданған еңбек минимумы өзінің заңдылық күшіне тек аудандық Совет атқару комитеті бекітіп бергеннен кейін ғана өнеді. Ауылшаруашылық артельнің Уставында көрсетілгендей колхоз мүшелері қоғамдық жұмысқа барлық жыл бойына қатысуға тиіс. Егер де артель мүшелері қоғамдық жұмысқа себепсіз шықпай қалатын болса, колхоз басқармасында оның еңбек тәртібі қаралып, ауылшаруашылық Уставы бойынша тиісті жаза берілуі керек.

Қабылданған еңбеккүн минимумының әр маусымда мұлтіксіз орындалуының ерекше маңызы бар. Облысымыздың көптеген колхоздары ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде үкметіміз бен партиямыздың алға қойып отырған шараларын жүзеге асыру жолында бірқатар нәтижелі жұмыстар істеп келеді. Колхоздардың басқармалары еңбеккүн минимумдарын колхозшыларға дұрыс жоспарлап, олардың орындалып отырылуына ерекше көңіл бөледі. Мысалы, Чалаев МТС-нің қамтуындағы колхоздардың басқармалары (Мамлют ауданы) кезіргі астық жыйнау науқанында еңбек етуге жарамды колхозшылардың әрқайсысына 150-230 еңбеккүн табуын жоспарлап, оның асыра орындалуына ерекше көңіл бөліп отыр. Бұл колхоздарда алынған міндетті еңбеккүн минимумдары аудандық Совет атқару комитетінде бекітілген. Осы сияқты, Шағлы, Сартомар және басқа МТС-тердің қамтуындағы колхоздарда да осы маусымда еңбек етуге жарамды әрбір колхозшыға 180-220 еңбеккүн табу жоспарланған.

Алайда, кейбір колхоз басқармалары еңбек етуге жарамды колхозшылардың міндетті еңбеккүн минимумы мөлшерін белгілемей ауылшаруашылық артели Ус-

тавын бұрмалап келеді. Ал, жекеден колхоздарда белгіленген еңбеккүн минимумдары дұрыс емес. Мысалға Конохов ауданындағы «Пролетарское знамя» колхозын алайық. Мұнда еңбекке жарайтын әрбір ер адамға 300 еңбеккүннен, әйелдерге 170 еңбеккүннен белгіленген. Куйбышев атындағы колхозда ерлер үшін 250, әйелдер үшін 160, ал, көп балалы аналар үшін 130 еңбеккүн минимумы белгіленген. Осы ауданның «Красная крепость» колхозында еңбек минимумын белгілеу шектен тыс бұрмаланған. Мұнда 40 жасқа жетпеген әйелдерге 160 еңбеккүн, ал, 40 жасқа асқан әйелдерге 130 еңбеккүн, жас өспірімдерге 70 еңбеккүн, жұмыс жасыйна асқан қарттарға 70 еңбеккүн деп белгіленген. Осындай кемшіліктерді МТС және аудандық Совет атқару комитетінің басшылары ескермей, оларды бекіте салған.

Ал, Мамлют ауданының Ворошилов атындағы колхозында еңбек минимумы әр маусымға, науқанның жағдайына қарай қабылданбастан, тоқсандар бойынша белгіленген. Бұл жыйналысқа МТС директоры Горохов жолдастық өзі қатынасып отырса да, осындай бұрмалаушылыққа жол берген. Сонымен, бұл қабылданған еңбек минимумы үкметтің көрсетіп отырған жоспарлы еңбеккүн минимумына қайшы болып отыр.

Бұл кемшіліктердің барлығы колхоздардағы шаруашылық жұмыстарды жүргізуді нашарлатып, еңбек өнімділігінің төмендеуіне әкеліп соғады. Сондықтан колхозшылардың жалпы жыйналысы еңбек етуге жарамды барлық адамдарға бірдей, олардың жынысына қарамай, 1953 жылғы еңбеккүн минимумынан жоғары мөлшерде қабылдауы керек. Әрбір колхозда қабылданған еңбеккүн минимумы істелген еңбекке қарай әртүрлі болуы мүмкін. Ал, еңбек минимумын МТС-терге, аудандарға, аймақтарға бөліп жатудың қажеттігі жоқ.

Еңбек минимумын жасағанда тек колхозшыларға ғана емес, сонымен бірге басқарма мүшелеріне де еңбеккүн минимум мөлшері белгіленуі керек. 1953 жылғы дейін қабылданған келген еңбеккүн минимумы колхоздағы өкімшілік-басқарма мүшелеріне міндетті дене еңбегін істеуі көрсетілмеген болса, енді жаңа ереже бойынша колхоз председатели мен өспішисінен басқаның барлығы әр маусымға, тиісті науқанға байланысты міндетті түрде еңбеккүн табуға тиіс. Ол белгіленетін еңбеккүн мөлшері жұмысқа жарамды колхозшылардың еңбеккүн минимумының кемінде 25 проценті болады.

Жалпы жыйналыста қабылданатын жұмысқа жарамды еңбеккүн минимумында үй шаруасындағы көп балалы аналар ерекше ескерілгені жөн. Көп балалы аналарды еңбекке қатыстыру үшін колхоз жанында балалар яслиі мен балалар бақ-

шасын ұйымдастыру қажет. Егер бір семьяда еңбекке жарамды колхозшы себепсіз жұмысқа шықпай, колхоздың жалпы жыйналысында қабылданған міндетті еңбеккүн минимумын орындамайтын болса, онда ол колхозшы 1953 жылғы 8 августа жарияланған ауылшаруашылық алым-салықтары жөніндегі заңның алтыншы статьясы бойынша 50 процент қосымша салық төлейді.

Колхоздың жалпы жыйналысында жылдық еңбеккүн минимумын орындамаған колхоз мүшесін жыйналыста талқылап, оның мәселесін колхозшылардың өздері шешетін болады. Осы жыйналыста қабылданған қаулы бойынша, ондай колхозшылардың тізімі жасалып, ол мемлекеттік финансы мекемесіне тапсырылады. Ал, финансы мекемелері олардан тиісті салықты өндіріп отырады. Сонымен бірге колхозшылардың жыйналысы басқарма мүшелерінің (бригадирлердің, кілтшілердің, ферма меңгерушілерінің тағы басқалардың) жылдық міндетті еңбеккүн минимумдарының орындалғанын тексеріп, оларға өздерінің шешімдерін айту керек. Өйткені, біздің колхоздарда кейбір басқару жұмысындағы адамдар қабылданған жылдық еңбек минимумының өзін былай қойғанда, семьясымен орындамайды. Ондайлар жауапқа да тартылмай қалады. Бұларға қолданылатын шара колхозшыларға қолданылатын шарамен бірдей болуға тиіс.

Колхоздардың басқарма мүшелері әрбір еңбекке жарамды колхозшының өзіне міндеттелген еңбеккүн минимумын толық орындап отыруына жауапкер болып табылады. Егер де еңбеккүн минимумын себепсіз орындамаған және 50 процент жоғары жатылған ауылшаруашылық салығын төлемеген колхозшылар болса, оларға кезінде тиісті шара қолданылғаны үшін колхоз басқармасының мүшелері, председателдері кінәлі болып, олардың өздері жауапқа тартылады.

Жаңа еңбеккүн минимумының жарияланғанына екі айдан асып барады. Соған қарамастан Петропавл, Совет, Октябрь тағы басқа аудандардың көп колхоздары осы күнге дейін жаңа ережеге сай өздерінің міндетті еңбеккүн минимумын белгілемей келеді. Ал, қабылданған еңбеккүн минимумдарын аудандық атқару комитеттері де ұзаққа созып, бекітпей отыр.

Кезір ауылшаруашылық қызметкерлерінің алдында тұрған негізгі мәселенің бірі—еңбек етуге жарамды колхозшылардың еңбеккүн минимумын жаңа ережеге сай белгілеп, колхозшылардың экономикасы нығая түсуіне жетісу болып саналады. Бұл жағдай колхоздарда еңбек тәртібінің нығайып, колхоз дәулетінің арта түсуіне зор үлес қосады.

В. КУРОВСКИЙ,

Облыстық ауылшаруашылық басқармасының аға бухгалтері.

Еңбеккүнге астықты мол алды

Совет ауданындағы Молотов атындағы колхоздың колхозшылары Совет МТС-і механизаторларының көмегімен быйыл-

ларын артық орындап жүр. Колхозшылар бастырылған астықты тазартуды тыңғылықты ұйымдастырып, мемлекетке астық

ТАУДАҒЫ ОМАРТА ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ҮРЖАР. (Семей облысы). (ҚазТАГ). Тарбағатай жотасының оңтүстік-батыс тармақтарында табиғат көркі оғула шатқал мен алқаптар өте көп, мұндағы өсімдіктер дүниесі алуан түрлі және су көздері өте көп. Үржан ауданының колхоздары табиғаттың бұл байлығын омарта шаруашылығын өркендетуде шебер пайдаланып келеді. Буденный атындағы ауылшаруашылық артелинің тауда он омартасы бар. Омарташы Ирина Костева быйылғы жылы әрбір ара семьясына 71 килограмм бал алды. Омарташы Марк Борознец бал алу жөніндегі жоспарлы тапсырманы екі есе асыра орындады. Артельдің басқа омарташылары да осындай нәтижелерге жетті. Бал сатудан ғана артель қазынасына 250 мың сом қаржы түсті. Колхозшылар еңбеккүнге көптеген бал алды.

«Новая жизнь», «Свободный путь», «Красные горные орлы» колхоздары және басқалары таудағы омарта шаруашылығын ойдағыдай өркендетуде. Быйыл олар әрбір ара семьясынан орта есеппен 70 килограмнан бал алды.


ДАЛАДА ОРНАҒАН ЖАҢА ПОСЕЛКЕЛЕР

КРЫМСКИЙ. (Қостанай облысы). (ҚазТАГ). Қол жағасындағы далада жаңа Крымский поселкесі орнады. Осыдан бес ай бұрын жел ғана ұйытқыған ашық далада жаңадан ұйымдастырылған Орджоникидзе астық совхозының орталық усадьбасы орналасқан. Мектеп жатақханасының, асхананың, моншаның, аурухананың, ояушы қоймасының, астық қоймасының үйлері, жеке семьялар салтан 50 тұрғын үй қатар орналасқан. Жаңа қоныстанушыларға почта бөлімшесі, кітапхана, жыйнақ қазасы, ынім тігетін және етіп тігетін мастерскойлар, шаптаразы қызмет етеді. Жұырда үйлерде электр шамы жанды. Поселкеде көздің өзінде сегіз көше бар. Олардың көпшілігін жаңа қоныстанушылар өздерінің туып өскен жерлерінің құрметіне Крымская, Севастопольская деп атады. Орталық көше Н. С. Хрущевтің есімімен аталады.

Крымский поселкесі—облыстың тың жерлерінде жазда жаңадан орнаған 19 елді пункттің бірі. Жаңа совхоздардың орталық усадьбалары тез өсіп келеді. Олардың территорияларында түрлі мәдени-тұрмыстық үйлермен қатар 450 жеке үй салынған. Быйыл барлық жаңа совхоздардың поселкелері толығымен радиолаңдырылады және электрлендіріледі.

Отардағы мал участоктеріндегі бұрғылау мұнаралары

ГУРЬЕВ. (ҚазТАГ). Жылой ауданының ауылшаруашылық артельдері мал бағатын Дуанжол участогінде тұңғыш артезиан скважинасын проходкалау жұмысы аяқталды. Оның тереңдігі 200 метр. Стволды облыстық «Водстрой» конторының бұрғылау мастері Маскатов бұрғылады. Бүгір мұнда мал суарылатын бетон астау, су қойма жасалынып жатыр. Скважина 4 мың малды сумен қамтамасыз етеді.



Жаңында Петропавл қаласындағы жұмысшы поселкесінде жұмысшылардың жас балалары үшін тамаша тарту әзірленді. Оларға арналған жаңа балалар яслиі үйінің құрылысы аяқталып, ол пайдалануға берілді. СУРЕТТЕ: В. В. Куйбышев атындағы жаңадан ашылған балалар яслиінің үйі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

БАСПАСӨЗ ТАРАТУ ТУРАЛЫ

Газет, журналдарға жазу, оларды иерлеріне дерезінде жеткізіп тұру, сондай-ақ газет, журналдарды сату арқылы советтік баспасөзді бұқараға жеткізіп тұру сияқты жауапты міндет байланыс орындарына жүктеледі. Облысымыздың байланыс қызметкерлері бұл міндетті аброймен орындау үшін күресе отырып, газет, журналдар мен кітаптарды бөліктеп сату жөніндегі жоспарды үстіміздегі жылдың алғашқы жартысында ойдағыдай орындап шықты.

Көзір газет, журналдарды сату ісіне облысымыздың барлық байланысшылары және штаттан тыс агенттер белсене қатысып жүр. Колхоз хат тасушылары мен ведомстводағы хат тасушылар газет, журналдарды колхозшылардың, МТС және совхоз жұмысшыларының үйлерін аралап жүріп, сол сияқты дала қостарына апарып та сатады.

12 сентябрь күні қалада және бірқатар аудан орталықтарында кітап базары өткізілді. Бұл сияқты кітап базарлары аудан орталықтарында жексенбі күндері, ал қалада күн сайын өткізіледі.

Байланысшылар саяси, көркем әдебиет кітаптарынан облыс, колхоз, совхоздары мен МТС-тері үшін 150-ден астам шағын кітапханалар дайындады. Ендігі міндет—сөл кітапханалардың еңбекшілер үшін қызмет етуін ұйымдастыра білу.

Баспасөз таратуда, әсіресе қалалық

союзпечать қызметкерлері Рязанова, Токарева Мұхаметова жолдастар ерекше көзге түсіп жүр.

Алайда, газет, журналдарды сатуда бірқатар аудандық байланыс мекемелері өзінің жұмысын жолға қоя алмай келеді. Мәселен, жуырда Булаев ауданындағы Совет совхозында байланыс бөлімшесінің жұмысын тексергенде онда бума-бума кітаптың бұқара арасына таратылмай, ұзақ уақыттан бері жатқандығы анықталды. Бұл сияқты фактілер басқа байланыс бөлімшелерінен де кездеседі.

Газет, журналдарды сатудағы күні бүгінге дейін орын алып келген кемшіліктерді дереу жойып, газет, журналдарды бұқара арасына жеткізіп отыру ісін жақсартуға көмек көрсету үшін облыстық байланыс басқармасы аудандарға арнаулы адамдар жіберді.

Осы жылғы октябрьде 1955 жылғы баспасөзге жазылу жүргізіле бастайды. Байланыс мекемелері мен бөлімшелерінің басшылары бұқара арасында газет, журналдарды сату жұмысын дұрыс ұйымдастырумен бірге, жаңа жылға газет, журналдарға жазу ісін алдын-ала ойдағыдай ұйымдастыруға, сөйтіп, белгіленген тираждың толық меңгерілуін қамтамасыз етуге міндетті.

В. АЛЕКСАНДРОВСКИЙ,
Облыстық байланыс басқармасының бастығы.

ПИОНЕР ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ САЙЛАУ ДҰРЫС ӨТКІЗІЛСІН

Пионер ұйымы жасөспірімдер арасында оқу-тәрбие жұмыстарын жақсартуда оқытушылар коллективіне көп көмек көрсететін ұйым болып табылады. Пионер ұйымының жақсы жұмыс істеуі оның құрамын сайлауды дұрыс өткізуге байланысты. Өткен жылы пионер ұйымдарының

сайлауы БЛКЖО-ның XII съезінің пионер ұйымдарының жұмыстарына еңірген өзгерістеріне сәйкес өткізілуге тиіс.

Пионер отряды әр уақытта бір кластың оқушыларынан құрылады. Отрядтың Советі алғашқы жыйында сайланып

1300 ҚОЗЫ

Преснов ауданындағы Приешім совхозының қарт шопаны Уәли Сманов жолдас 22 жыл бойы үзбей совхозда қой бағып келеді. Осы уақыттан бері ішкіне

оның алдынан бір мал да шығын болып көрген емес. Жыл сайын ол малды қонды ұстап, оның өнімділігін арттыруда. Тек үстіміздегі жылдың өзінде ғана қарт шопан қарамағындағы саулықтардан 1300 қозы алып, оларды аман өсіруде.

АСТЫҚ ТАЗАЛАУДЫ МЕХАНИКАЛАНДЫРУ

Быйыл Ленин атындағы колхоз (Ленин ауданы) біткі егін өсіріп оның әрбір гектарынан 13—15 центнерден, ал, жекелеген учасоктерден 20 центнерден артық өнім алуда. Барлық қырмандарда астық тазалау жұмыстары механикаландырылған. Дала бригадасының бригадирі Диденко жолдастың конструкциясы бойынша жасалған вейтка-зернопулт еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыруға мүмкіндік беруде. Бұл машинамен сағатына 100 центнер астық тазартуға болады.

М. БАТЫРОВ.

егіншіліктің мәдениетін арттыруда едәуір табыстарға ие болды. Колхозда дәнді дақылдар егісінің көлемі өткен жылғыдан едәуір ұлғайтылды. Бөктемде өмір бойы плуг тимеген 700 гектар тың жұртылып, оған жаздық бидай егісі егілді. Бұл істе коммунист Погуляев жолдастың басқаруындағы трактор бригадасының мүшелері колхозшыларға үлкен көмек көрсетті.

Колхозшылар мен механизаторлар егінді жыйнау маусымына да ұйымдасқан түрде кірісті. Қомбайшылардың көпшілігі егін отуда күнделік жұмыс тапсырма-

КОЛХОЗ ШОПАНЫНЫҢ ТАБЫСЫ

Зорин жолдас қығы-жазы бірдей қой фермасында еңбек етеді. Оның қажырлы еңбегінің нәтижесінде колхозда қой саны жылдан-жылға көбейіп, өнімділігі артуда. Зорин жолдастың еңбегі де жоғары бағаланып келеді.

Жақында Петропавл ауданындағы Пушкин атындағы колхоздың басқармасы колхозшылардың еңбеккүндеріне алғашқы

тапсыруды күн-түн бірден жүргізуде. Колхоз жақын арада мемлекетке міндетті астық тапсыру және МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу жоспарларын толық орындап шықпақ.

Жақында колхоз басқармасы колхозшылардың еңбеккүндеріне алғашқы аванс бөлді. Колхозшылар алғашқы аванстың өзінде әрбір еңбеккүндеріне 2 килограмнан астық алды. Көптеген колхозшылар семьяларымен еңбеккүндеріне 100 пұттан артық астық алып отыр.

Т. ЕСЕНОВ.

аванс бөлді. Авансқа ақша, ерітілген сары май және астық берілді. Осы алғашқы аванста Зорин еңбеккүнге 1328 сом ақша, 16 килограмм ерітілген сары май, 100 пұтқа жуық астық алды. Жыл аяғына дейін озат шопанның табысы үш есе молаймақ.

Б. ЖАҚСЫЛЫҚОВ.

Әрбір колхоздың су қоймасы болсын

Коммунистік партия мен Совет Үкметі ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетіп, елімізде астық молшылығын жасау, сәйтіп, жеңіл өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз ету міндетін қойды. Бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асыру көп реттерде колхоз, совхоздарда тоғандар мен бөгеттер салуға, оларды шабындық жерлер мен егістіктерді жайып суаруға дұрыс пайдалануға байланысты екені сөзсіз.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті өзінің осы жылдың мартында қабылдаған қаулысымен да облысымыздың колхоздарында 90 тоған, ал, Петропавл трест совхоздарында 26 тоған және жаңа құрылған шаруашылықтарда 5 бөгет және бұрыннан бар совхоздарда 40 тоған салуды белгіледі.

Бұл қаулыны жүзеге асыру үшін тоғандар мен бөгеттер және жайып суландыруға қажетті құрылыстар салуда машина-трактор станцияларының жанындағы машина-мелиоративтік отрядтар колхоздармен шарт жасасып, оны орындау жөнінде едәуір жұмыстар істеді. Бұл жұмыстарға МТС-тердің, машина-мелиоративтік отрядтардың және облыстық су шаруашылық құрылыс мекемелерінің барлық жер қазатын машиналары және басқа техника күші пайдаланылды.

Калинин атындағы, Куйбышев атындағы және Коновалов МТС-теріне бөгеттер мен тоғандар салу үшін тракторлар сүйрейдін сыйымдылығы 2,25 текше метр скреперлер, «С—80», «ДТ—54» тракторлары сүйрейдін бульдозерлер, грейдерлер және басқа да жер қазатын қуатты машиналар жіберілді. Бұл машиналар МТС-тердің қамтуындағы колхоздарда су бөгеттері мен тоғандар салу жұмыстарын едәуір жеңілдетті.

Облыстық су шаруашылығы басқармасы қала еңбекшілерін овоштармен қамтамасыз ету мақсатымен қала төңірегіндегі Петропавл ауданының колхоздарында бөгеттер мен тоғандар жасауға баса көңіл бөлді. Быйлы жоспар бойынша 40 гектар орнына 194 гектар алаңды суаратын механикаландырылған 4 учасок салынып, олар пайдалануға берілді. Мұның 44 гектары —Димитров атындағы, 67 гектары —Сталин атындағы, 37 гектары —Ворошилов атындағы, 46 гектары—Буденный атындағы колхоздарда овош дақылдарын суаруға пайдаланылды. Бұл колхоздарда су шаруашылығы құрылыстарын салуда Асанов машина-трактор станциясы үлкен көмек көрсетті. МТС-тің бульдозершісі Циммерман жолдас сменалық нормасын үнемі 160—170 проценттен орындап отырды.

Коновалов МТС-нің машина-мелиоративтік отряды (директоры Ломозов, отрядтың бастығы Шумилина жолдастар) «Гигант», «Трудовик» және «Смычка» колхоздарының жаңа жерлерінде 3 үлкен бөгет салуды аяқтады. Сол сыяқты, осы МТС-тің қамтуындағы Чапаев атындағы колхозда бір қотлован қазылды. МТС-нің механизаторлары И. Баладин, И. Сочков, М. Бойченко, Н. Васильченко және А. Маер жолдастар механик К. Лейман жолдастың басшылығымен аз уақыттың ішінде жер қазу техникасын ойдағыдай меңгеріп, сменалық нормаларын 122-184 процент орындап, сапалы жұмыс істеуге жетісті. МТС-тің машина-мелиоративтік отряды «Путь Ильича» колхозының Сары өзектегі плотина құрылысын және «Путь к коммунизму» колхозының Вағанагы плотинасын қайта жаңарту жұмыстарын қысқа мерзімде аяқтауды көздеп отыр.

Алайда, облысымыздың бірқатар МТС-терінің машина-мелиоративтік отрядтары колхоздарда су бөгеттерін және тоғандар жасау ісіне жете көңіл бөлмей, су шаруашылығы құрылыстарын төзгісіз ұзаққа созуда. Сөйтіп, жоспар бойынша белгіленген бөгеттер мен тоғандар құрылысының ноябрь айына дейін бітпеуі хаушпін тудыруда. Бұлардың қатарына Куйбышев атындағы МТС-тің машина-мелиоративтік отряды (директоры Потякин, отрядтың бастығы Каширская жолдастар) жатқызуға болады. Тоғанғұл учасокінде жерді жайып суаратын тоған құрылысы әлі аяқталған жоқ. Ал, істелген жұмыстың қаласы тым төмен. МТС қамтуындағы колхоздарда небары бір ғана тоған салынған.

МТС-тің директоры Потякин, машина-мелиоративтік отрядтың бастығы Каширская жолдастар быйыл бітіруге жоспарланған «Колдар» жеріндегі Ворошилов атындағы, Буденный атындағы, «Новая жизнь» және «Память Ильича» колхоздарын қамтытын колхозаралық су бөгеті құрылысын тез аяқтау жөнінде ешқандай шаралар қолданбай отыр. «Советский», «Славянка» және «Земледелец» колхоздарындағы тоғандар салу құрылысы да тым ұзаққа созылуда.

Калинин атындағы МТС-тің директоры Елкин, машина-мелиоративтік отрядтың бастығы Охтина жолдастар отрядтың жұмысын жақсартуға тиісті шаралар белгілемей отыр. МТС-тің қамтуындағы колхоздарда быйыл 15 су қоймасы мен тоғандар салу белгіленген болатын. Ал, отряд оның бастығы Охтина жолдас осы уақытқа дейін бірде-бір тоған құрылысын аяқтап, пайдалануға берген жоқ. Отрядтың қарамағына берілген тракторлар су шар-

уашылығы жұмыстарына пайдаланылмай, көбіне, бөгде жұмыстарға пайдаланылады.

Жеті жүз мың гектар тың және тыңайған жер іріктеліп алынды

ОРАЛ. (ҚазТАГ). Жерге орналастыру отрядтары Батыс Қазақстанда бес миллион гектардан аса жерді тексеріп шықты. Жыртқа жарайтын 700 мың гектар тың және тыңайған жер анықталып, картаға түсірілді. Осының нәтижесінде алдағы жылы игерілетін жаңа жерлерді іріктеу жөніндегі тапсырма орындалды.

Москваның К. А. Тимирязев атындағы ауылшаруашылық академиясының экспедициясы зор жұмыс істеді. Экспедиция Жымпиты және Шыңғырлау аудандарында егістікке жарамды 200 мың гектардан аса жер барын анықтады.

олардың жоғарыларын іскер, озат комсомолдар мен пионерлерден іріктеп ала білген Ленин атындағы орта мектеп, № 44 темір жол орта мектептеріндегі пионер ұйымдарының жұмысы қызықты, әрі мазмұнды болды. Пионерлер жоғарылардың басқаруымен сабақ үлгерісін жақсартуға ат салысумен қатар, әртүрлі үйірмелерге қатынасып, көп нәрседен түсінік алды. Дүние тану көз қарастары кеңейді.

Өткен оқу жылында пионер ұйымдарының сайлауын өткізуге жауапсыз қараған мектептер де бездесті. Мәселен, № 60 темір жол мектебінде пионер жоғарылары дұрыс іріктелініп алынбады. Соның салдарынан олар өздеріне тапсырылған жұмыстарды атқара алмады. Мұның өзі пионер ұйымы жұмыстарын формальды түрде жүргізілуіне әкеліп соқты. Мұндай фактілер өткен оқу жылында қала мектептерінің көпшілігінде орын алды.

Быйылғы жылы пионер ұйымдарының

мүшелерінің есебі тыңдалады. Ал, жаңа Советке мүшелер мен председатели пионерлердің өздерінің ұсынуы бойынша сайланады. Егер отрядтағы пионерлер саны оннан кем болса, Совет мүшелері сайланбай тек председатели ғана сайланады. Отряд жоғарыларын мектеп комсомол ұйымы тағайындауға тиіс. Осы жыйында пионерлер зенеларға бөлініп, оның жоғарылары тағайындалады.

Пионер ұйымы — болашақ совет азаматын коллективтік өмірге баулайтын, оған алғашқы тәрбие беретін ұйым. Сондықтан да пионер ұйымдарының сайлауын аса жауаптылықпен өткізу керек. Пионер ұйымдарына оқу озаттары мен қолынан іс келетін беделді оқушылар сайлануы тиіс. Оларды іріктеп алуға мектеп директорлары, комсомол ұйымдары қатты көңіл бөлуге міндетті.

Р. КАЛИБЕРДА.

Қалалық пионерлер үйінің директоры.

рында бір-бір құдықтан ғана қазылуының өзі толық дәлел бола алады. Ал, мындағы гектар тың жер игеріп жатқан Октябрь ауданында, сондай-ақ, Мамлют және Соколов аудандарының колхоздарында осы уақытқа дейін бірде-бір құдық қазылған жоқ.

Облысымыздың колхоздарында су қоймасын және тоғандар салу жұмысының нашар жүргізілуі облыстық су шаруашылығы басқармасының машина-трактор сатницияларының жанындағы машина-мелиоративтік отрядтарға дұрыс, жаңды басшылық жасамауынан болып отыр. Су шаруашылығы басқармасының жаңалап ұйымдастырылған «Облводстрой» құрылыс мекемесінің (бастығы Баженов, бас инженері Головин жолдастар) жұмысы да өте нашар. Бұл мекемеде екі бульдозер, скрепер және құдық қазатын машиналар бар. Құрылыс мекемесінің жер қазатын машиналары Петропавл ауданының Чапаев атындағы, «Қазақстанның 30 жылдығы» және Сталин атындағы колхоздарында су қоймасын салуға тиіс еді. Бірақ, күні осы уақытқа дейін қолда бар жер қазатын техниканың жұмысқа өнімсіз пайдалануынан Чапаев атындағы колхоздағы су қоймасын салу ісі әлі аяқталып, пайдалануға берілген жоқ. Машиналардың жұмыс істеуінен босқа тұруы көп кездеседі.

«Облводстрой» мекемесі, оның бастығы Баженов, бас инженері Головин жолдастар темір-бетон құдықтар дайындауды да нашар ұйымдастырды. Мекеменің жаңа жерлерде салынуға тиісті су шаруашылығы құрылыстарына да басшылығы төзгісіз күйде.

Облыстық су шаруашылығы басқармасы да облысымыздың колхоздарында су қоймасы мен тоғандар салу құрылысын жедел аяқтауға барытталған нақтылы шаралар белгілемеді. Басқарманың қызметкерлері, әсіресе инженерлер жергілікті жерлерде аз болады. Осы себепті, жергілікті жердегі жағдайды толық білмей,

үстірт басшылық жасау тиісті нәтиже бере алмады. Мұның ақыры су бөгеттері мен тоғандар құрылысының уақыттылы аяқталмай, ұзаққа созылуына әкеліп соқты.

Су қоймасы мен тоғандарды салу техникасын жете білмеу, бұл жөніндегі тәжірибенің аздығы да су шаруашылығы құрылыстарының мезгілінде аяқталуына керісінше әсер етті.

Мол сулы Есіл өзені Октябрь, Ленин, Приешім, Петропавл және Соколов аудандарының бірқатар колхоздарын ғана қамтыды. Ал, көптеген көлдер суының ашылығынан немесе оның құрғап кеткендігінен пайдалануға келмейді. Мия, сол себепті, жер астына шыққан судың жетіспеуі себепті су мен қамтамасыз етудің көзі болмай отыр. Бірқатар аудандардың колхоздары және трактор бригадалары кей уақыттарда мүлдем сусыз қалып жүр. Сондықтан олар бірнеше километр жерден су тасуға мәжбүр болады.

Облысымыздың колхоздарын сумен қамтамасыз ету үшін кезір су қоймасы мен тоғандар құрылысын жаппай салу қажет болып отыр. Бұл құрылыстар міндетті түрде, қар жауғанша аяқталуы керек. Өйткені, су қоймалары мен тоғандар біздің облыс жағдайында суды негізінен қар еріген кезде, ағын су есебінен алады.

Облыстық су шаруашылығы басқармасы жергілікті машина-мелиоративтік отрядтарға басшылықты тезінен жақсартып, қолда бар техниканы үнемі пайдалану арқылы, әрбір колхозда су қоймасының болуына, ол үшін су шаруашылығы құрылысында жұмыс істеп жүрген адамдардың арасында социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, су бөгеттері мен тоғандарының қар жауғанша аяқталуын қамтамасыз етуге жетіседі.

А. СИРОВОТОВ.

Облыстық су шаруашылығы басқармасының бастығы.

Тайвань — Қытай Халық Республикасының ежелгі жері

(АНЫҚТАМА)

Быйылғы жылы 11 августа Орталық халықтық үкметтік Советтің мәжілісінде сөйлеген сөзінде ҚХР Мемлекеттік Әкімшілік советінің премьері және сыртқы істер министрі Чжоу Эн-лай Тайваньның бөлініс Қытай территориясы болып табылатындығын мәлімдеді. «Тайваньды азат ету,—деді Чжоу Эн-лай,—қытай халқының құрметті тарихи міндеті болып табылады».

Тайвань — Қытайдың ең үлкен аралы. Тайваньның жер көлемі—35.759 шаршы километр. Арал Қытайдың континенттік бөлегінен ең жіңішке жері 150 километр келетін бұғаз арқылы бөлініп жатыр.

Тайваньның жер бедерінің үштен екі бөлегі таулы алқап. Қолайлы табиғи жағдайлар аралда егіншілік пен орман шаруашылығын өркендетуге мүмкіндік береді. Тайвань шаруалары күріш өсіреді, бұл жерде күріш өнімі жылына екі рет жыйналып алынады, сонымен бірге қант қамысы, банан, ананас, цитрус, шай өсіріледі.

Арал түрлі кендерге бай. Оның қойнында алтын, мыс, көмір және күкірт, сондай-ақ мұнай да бар.

Тайваньның ағыны күшті өзендерін электр қуатын көптеп өндіруге пайдалануға болады.

Аралда 7 миллионнан астам халық бар. Олардың 90 проценттен астамы осыдан көп расылар бұрын Фуцзянь және Гуандун провинцияларынан қоныс аударған қытайлықтар.

Осыдан 60 жыл бұрын, мешеу Қытайдың жеңілуімен аяқталған жапон-қытай соғысынан кейін Тайваньды Жапония басып алды. Аралға өз үстемдігін жүргізіп, жапон империалистері оны өз империясының отарлық шылауына айналдырды. Өнеркәсіптің негізінен ауылшаруашылығы өнімдерін өңдеуге байланысты салалары ғана дамыды.

Аралдың тұрғындары басқыншыларға қарсы белсене күрес жүргізе отырып, өз тәрдірына ешүақытта көңіл көрген жоқ. Арал басып алынғаннан кейінгі 50 жыл ішінде бұл жерде жапон үстемдігіне қарсы жыйырма рет көтеріліс шықты.

Милитаристік Жапония талқандалғаннан кейін Тайвань Қытайға қайтып берілді. Бұл Америка Құрама Штаттары да қол қойған Баир және Потсдам декларацияларында көзделген болатын. Алайда Жапон езушілігінен азат етілу тайвань халқының тұрмысына жақсы өзгеріс енгізген жоқ. Бір қанаушылардың орнына басқа қанаушылар келді. Арал халқы ешқандай демократиялық праволар ала алмады. Гоминдандық реакцияшылар аралда террор және күш көрсету тәртібін орнатты. Прогрессшіл ұйымдар заңнан тыс деп жарияланды. Гоминдандық оқрарка кімде-кім өзінің демократиялық көзқарастарымен белгілі болса, солардың бәрін қудалады.

Тайвань еңбекшілері гоминдандық реакцияшыларға белсенді қарсылық көрсетіп, 1947 жылы қызыл армияның аралға кіруіне қарсы күрес жүргізді.

Тайвань халқы қайыршылық жағдайда өмір сүруде. 1949 жылғы июньмен 1953 жылғы июнге дейін Тайваньда баға орта есеппен алты есе қымбаттады. Халықтан алынатын түрлі алым-салықтардың сомасы соңғы төрт жылда жыйырма үш есе көбейді. Жұмысшылар мен шаруалардың тұрмыс дәрежесі жыл санап төмендеуде.

Американ соғысқұмарлары халықтық Қытайға шабуыл жасау үшін Тайваньды соғыс плацдармына, қытай еңбекшілерінің бейбіт жеміні еңбегіне кедергі келтіру мақсатымен Қытайға жіберілетін шипондар мен диверсанттардың рассаднигіне айналдырды.

Американ империалистері өздеріне Тайваньның не үшін қажет екендігін ашық айтады. Мысалы, АҚШ-тың соғысқұмар топтары өкілдерінің бірі — генерал Маккартур 1950 жылы августа АҚШ Тайваньды Тынық мұхиттағы америка майданының «орталығы», «суға батпайтын авианөсең» деп және «Владивостоктан бастап Сингапурға дейін бүкілазиялық порттарға өз авиациясының үстемдігін» қамтамасыз ету үшін АҚШ Тайваньды өз бақылауына алуы қажет, деп мәлімдеді.

Жақында АҚШ-тың мемлекеттік секретарының көмекшісі Робертсон арсыздығы бұдан кем соқпайтын мәлімдеме жасады. Конгрестің бір комиссиясында сөз сөйлеп, Робертсон Тайвань аралы Құрама Штаттарға «Қызыл Қытайға қарсы соғыс әрекеттерінін тұрақты хауһін» төндіру үшін қажет, деді.

Сыртқы істер министрлерінің Женева кеңесінің ойдағыдай аяқталуы Қытай Шығыста халықаралық шиеленістің бөсеңдеуіне қолғабыс тигізді. Алайда, бұл бөсеңдеу бейбітшіліктің американдық дүшпандарының ығылына қарама-қарсы келуде. Олар Оңтүстік Шығыс азиядағы өздерінің тіміксілеу әрекеттерін күшейту де. Американ соғыс-құмарларының агрессияшылық ығылдарында АҚШ-тың билентестеуші топтары «бірлесіп қорғану туралы шарт» жасасуды ұйғарған Чан Кай-шидің сатқын сұрқыялары едәуір маңызды орын алады. Бұл шара АҚШ-қа Тайваньды басып алуды «заңды» етіп көрсету үшін қажет.

АҚШ Тайвань бұғазындағы өзінің соғыс-теңіз күштерін екі есе көбейтіп, күшейтті. Тайваньда америка нұсқаушылары гоминдандық бандаларды үйретумен шұғылдану жүр. АҚШ есебінен жаңылған гоминдандық соғысқұмарларды реактивті самолеттермен, оқ-дәрімен, соғыс жабдықтарымен қамтамасыз етуде. Синхуа агенттігінің хабарлауынша, АҚШ жақында алғашқыда Индо-Қытайға арналған 80 миллион долларлық соғыс жабдықтары мен оқ-дәріні енді Тайваньға жіберуді ұйғарған.

Чан Кай-ши сұрқыяларына соғыстық қолдау көрсетіп, 1947 жылы қызыл армияның аралға кіруіне қарсы күрес жүргізді.

БАТЫС ГЕРМАНИЯНЫ ҚАЙТА ҚАРУЛАНДЫРУ ЖОСПАРЫ

Даллес пен Иденнің арасындағы келіссөздер туралы мәлімдеме

ЛОНДОН, 18 сентябрь. (СОТА). Кеше Лондонда АҚШ-тың мемлекеттік секретары Даллес пен ағылшын сыртқы істер министрі Иденнің арасында келіссөздер болған.

Рейтер агенттігі келіссөздер аяқталғаннан кейін жарияланған ресми мәлімдеме таратты. Мәлімдеме Даллес пен Иден «Европа қорғаныс бірлестігін француз Ұлттық жыйналысының қабылдамай тастауы нәтижесінде туған жағдай жөнінде өзара пікірлер алысты делінген. Олар дереу қыймыл шараларын қолданудың қажеттігі туралы қорытындыға келді және герман федералдық республикасын батыс елдерімен толық теңдік негізінде ойдағыдай байланыстыру мәселесін талқылау үшін даярлық кеңесін жуыр арада шақыруды жосады». «Толық теңдік» дегеннің мәнісі Батыс Германияны шексіз қаруландыру екені өзінен-өзі түсінікті.

ЛОНДОН, 18 сентябрь. (СОТА). Лондон радиосы Даллес пен Иден келіскен даярлық конференциясы Лондонда шақырылды және оған европа қорғаныс бірлестігі туралы договорға қатысушы 6 елдің өкілдері, сол сияқты, Англияның, АҚШ-тың, Канаданың өкілдері қатысады деп хабарлайды.

ВИЛЬСОННЫҢ СӨЗ СӨЙЛЕУІ

ЛОНДОН, 17 сентябрь. (СОТА). Пресс Ассоциацияның агенттігінің хабарына қарағанда, бұрынғы сауда министрі, парламенттің мүшесі лейборист Гарольд Вильсон 16 сентябрьде Лондонда сөз сөйлеп, былай деп мәлімдеген:

Европада біздің алдымызға көңілсіз көрініс ашылып отыр — сыртқы істер министрлері мен олардың орынбасарлары Батыс Германияны қаруландыруға тырысып, Европаны кезіп аралауда.

Иден мен Даллес, күман жоқ, француз үкметіне жасалатын қысымды келісіп алу және оны Аденауэрдің талабына келісуге мәжбүр ету үшін кезір Лондонда кеңес өткізуде. Егер Иден осы мүмкіндікті пайдаланып, АҚШ-тың бөтен елдердің күшімен Қытайға қарсы агрессия бастау үшін Формозадағы малайларды пайдалану әрекетіне Англияның көзқарасын айқын баяндап берсе, ол бейбітшілік ісіне анағұрлым көп қызмет еткен болар еді. Американың Формозаны заңсыз оккупациялан алғанын Англия ешүақытта да мойындаған емес, сондықтан Иден: егер Даллес АҚШ-ты Қытаймен қарулы жанжалға әкеліп соқтыратын саясат жүргізетін болса, онда менің жапа-жалғыз қыймыл жасауыма тура келеді деп айқын мәлімдеуге тиіс.

ФРАНЦУЗ РАДИО ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕРЕУІЛІ

ПАРИЖ, 19 сентябрь. (СОТА). Кеше француз радио хабарын тарату техникалық қызметкерлері кәсіподақтың шақыруы бойынша ереуіл жариялады. Өкмет орындарының күшпен жұмысқа қатыстыру туралы бұйрығына қарсы күрес жүргізді.

ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің Мәлімдемесі жөніндегі пікірлер

ПЕКИН, 17 сентябрь. (СОТА). Қытай баспасөзі Оңтүстік-Шығыс Азияда соғыс блогін құру туралы АҚШ-тың қысымымен Манилада жасалған договорды қатты сынап, бұл договорды осы аудандағы халықтардың бейбітшілігі мен ұлттық тәуелсіздігіне төнген елеулі қатер деп бағалауда. Договордың инициаторлары бұл шарттың түпкі ақиқат мәнін «бейбітшілік», «хауһсіздік», «тәуелсіздік» және «бостандық» жайындағы көпірме сөздердің қандаймен болса да бүркемелеуге қаншама тырысса да деп, жазған Гуанминжибао» газеті, бұл договордың агрессиялық мақсаты мүлде айқын.

Бұл шарт, деп атап көрсеткен газет, оны ұйымдастырушылардың ойлары бойынша, батыс отаршыларының қолында, әсіресе, америка империализмінің қолында олардың соғыс саясатын жүргізудің және Азиядағы ұлт-азаттық қозғалысын басып-туһшықтырудың құралы болуға тиіс. Бұл соғыс-агрессиялық шарттың түпкі мақсаты, деп атап көрсеткен газет, ҚХР-ге қарсы бағытталған, сонымен қатар өздерінің бостандығы мен ұлттық тәуелсіздігін қорғап жатқан басқа да азиялық халықтарға қарсы бағытталған. Кезіргі уақытта америка империалистері Манилада жасалған шарттың көмегімен Азиядағы жағдайды қайтадан шиеленістіреміз деп үміттенуде.

БУХАРЕСТ, 17 сентябрь. (СОТА). «Скынтейя» газеті Оңтүстік-Шығыс Азия ауданында соғыс блогін құру жөнінде жасалған ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің Мәлімдемесін түсіндіре келіп, бұл

Батыс Германияны ремилитарландыруға қарсы

БЕРЛИН, 17 сентябрь. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда, қарсыласу күрескерлерінің фашизм құрбандықтары мен тұтқындарының Халықаралық федерациясының 14-15 сентябрьде Берлинде мәжіліс өткізген бюросы француз парламентінің «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды қабылдамай тастағанына байланысты мәлімдеме жариялаған.

Федерацияның бюросы, деп атап көрсетілген мәлімдемеде, Француз ұлттық жыйналысының «Европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды қабылдамай тастағанын құттықтайды. «Европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды қабылдамай тастау европалық проблемаларды бейбітшілікпен реттеуге жаңа мүмкіндіктер тудырып отыр.

Бірақ Германияны ремилитарландыруды жақтаушылар өз жоспарларынан бас тартқан жоқ, олардың шекараларды қайта қарауды ашықтан-ашық талап етіп отырған Бонн жекшілеріне қару беретін ниеті бар.

Даллестің Аденауэрмен келіссөздері туралы мазмұндама

ЛОНДОН, 17 сентябрь. (СОТА). Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, Даллес пен Аденауэр келіссөздерінің нәтижесінде, бұл шарттың түпкі ақиқат мәнін «бейбітшілік», «хауһсіздік», «тәуелсіздік» және «бостандық» жайындағы көпірме сөздердің қандаймен болса да бүркемелеуге қаншама тырысса да деп, жазған Гуанминжибао» газеті, бұл договордың агрессиялық мақсаты мүлде айқын.

мәлімдеме бейбітшілікті нығайту ісіне бағалы үлес қосады, деп атап көрсеткен.

«Оңтүстік-Шығыс Азияның қорғанысы туралы договор», деп көрсеткен «Скынтейя», іс жүзінде осы ауданның қандай бөлігінде, қай кезде және қандай сылтаумен болса да қарулы интервенция бастауға бағытталған. Азия халықтарының ту сыртында, олардың қатысуынсыз жасалған бұл договор осы халықтарға және ең алдымен Қытай Халық Республикасына қарсы бағытталған.

Азияның халықтарымен бірге, деп жазған қорытындысында «Скынтейя» газеті, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік күштері ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің мәлімдемесін — азиялық халықтардың нақты хауһсіздігінің, Қытай Шығыс пен бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтап, баянды етудің айқын болашағын ашып беріп отырған бұл документті қанағаттанған сезіммен құттықтап, толығымен мақұлдауда.

ДЖАКАРТА, 17 сентябрь. (СОТА). Индонезия газеттері Оңтүстік-Шығыс Азияда соғыс блогін құру жайында жасалған ССРО Сыртқы Істер Министрлігі Мәлімдемесінің текстің көрнекті орынға басып шығаруда.

«Хариан рахьят» газеті ССРО Сыртқы Істер Министрлігі Мәлімдемесінің маңызды екепіне назар аударды, бүкіл дүние жүзі алдында америка билеуші топтарының жаңа әрекеті әшкереленді, деп атап көрсеткен. Газет Индонезияның халқын қырағылықты арттыруға шақырған.

Герман проблемасын, деп атап көрсетілген мәлімдемеде, соғыс коалицияларының көмегімен шешуге болмайды, оны тек барлық европалық халықтардың ұлттық тәуелсіздігін құрметтеу негізінде бұлардың хауһсіздігіне кепілдік беретін және неміс халқының өз бірлігі мен тәуелсіздігіне не болатын заңды праволарын ескеретін келісім жасасу жолымен ғана шешуге болады.

Федерацияның бюросы, делінген мәлімдеменің қорытындысында, қарсыласу күрескерлерінің және фашизмнен жапа шеккен адамдардың бәрін бірлесіп күш жұмсап, Батыс Германияны ремилитарландыру формасының қандайына болса да қарсы күресті жүргізе беруге шақырады.

Федерацияның бюросы қарсыласу күрескерлерінің, фашизм құрбандықтары мен тұтқындарының Халықаралық федерациясының екінші конгресін 1954 жылы 28 ноябрьде Венада шақыруға ұйғарған.

ШАХМАТТАН ДҮНИЕ ЖҮЗІНДЕ БІРІНШІ ОРЫН АЛУ ЖАРЫСЫ

АМСТЕРДАМ, 19 сентябрь (СОТА-ның арнаулы тілшісі). Алтышы турда совет командасы Исландия шахматшыларымен ойнады. Агустейнға қарсы ойнаған Керес бірінші жеңіске ие болды. Оның әріптесі дебютті дұрыс ойнамай, оның жүрісте пешкасынан айрылды. Агустейн үлкен қарсылық көрсете отырып, 36 жүрісте берілуге мәжбүр болды. Гудмундсон ферза пешкасының дебютында өздерінің фигураларын дұрыс қоя алмады, бұл Бронштейнге оңай комбинация жасап, оның нәтижесінде орталықтағы пешкасын алуға мүмкіндік берді. Бронштейн өзінің басымдылығын бірте-бірте орында пайдалада отырып, жеңіске ие болды.

Йогансен — Геллер мен Арглаугсон — Котовтардың партиясы шиеленіскен жағдайда, келесі ойынға қалдырылды.

СОФИЯДА БОКСТАН БІРІНШІ ОРЫН АЛУ ҮШІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫС

СОФИЯ, 19 сентябрь. (СОТА). Кеше Софияда бокстан болған халықаралық жарыста совет командасы Польшаның боксерлерімен кездесті.

Поляк командасының кездесуді бастаған уақытында артық бір ұпайы бар еді. Жеңіл салмақтылар категориясындағы совет боксери В. Стольниковтың салмағы нормадағыдан 20 грамм артық болды осы себепті ол Европа чемпионы Г. Куркермен жарысқа жіберілмеді. Жеңіл салмақтылар категориясындағы В. Степановтың басымдылығы белгілі болып, поляк Р. Муровскийді ұпайымен ұтты.

Совет командасына екінші жеңісті Г. Шатков әкелді (екінші орта салмақты), ол үш раундты белсенділікпен өткізіп, З. Перекоскийді артық ұпаймен ұтты. Қалған кездесулерде Польша боксерлері жеңіске ие болды. Кездесу 8:2 есебімен Польшаның пайдасына аяқталды.

Болгар командасы Герман Демократиялық Республикасының командасын 6:4 есебімен ұтты.

ЖОЛДАСТЫҚ КЕЗДЕСУ

Жақында қаладағы «Энергия» стадионында Алматы «Локомотив» ерікті спорт қоғамының «Б» класының футболшылары мен Солтүстік Қазақстан облысының чемпионы «Энергия» ерікті спорт қоғамының футболшылары кездесті. Бұл ойынды көруге 2 мыңға жуық қала еңбекшілері келді.

Ойынның бірінші жартысында екі жақтың командалары да шабуылға шыққан жоқ. Қонақтар шабуыл жасамай, алды келерінің тактикасын, ойын техникасын байқаумен болды. Сөйтіп, ойынның бірінші таймы ешбір нәтижесіз аяқталды.

Ойынның екінші жартысы, өте қызықты болып, қызу тартыс үстінде өтті. Алды келері алғашқы минуттарда шебер комбинациялар жасай отыра жиі-жиі шабуылға шығып, қонақтардың қақпасына хауһін төндірумен болды. Сондай шабуылдардың бірі сәтті аяқталды. Энергиялық Окагов ортадан тасталған допты шеберлікпен алып, оны дәл ұрып қонақтардың қақпасына түсірді.

нде аралда көтеріліс шықты. Тайвань-ның орталығы — Тайбэйде және басқа қалаларда гоминданшыларға қарсы ұрыстар өрістеді. Көтерілісшілер Тайваньда демократиялық өзгерістер енгізуді, азамат соғысын тоқтатуды және америка әскерлерін Қытайдан әкетуді талап етті. Гоминданшылар бұл көтерілісті түншықтырды. Мыңдаған патриоттар атылды.

1949 жылы, ұлы қытай халқының өзін азат ету жолындағы сан жылдар бойы жүргізіп келген күресі даңқты жеңіспен аяқталып, гоминданшы сұрқыялар конституенттен құылған кезде, олар америка империалистерінің қорғауымен Тайваньға барып бекінді.

Чанкайшилік сұрқыялар бұған дейін-ақ, Тайваньды, шығында аралдың бүкіл экономикасын өз қолдарына жыйып алған америка монополияларына сатқан болатын. Америка капиталистері мұнай, көмір, алтын, күкірт, вольфрам және сурьма өндіруге өзінің толық бақылауын орнатты. Америкалық «Рейнолдс метал кампани» концерні алюминий заводтарының қожасы болды цемент өнеркәсібі америка және канада капиталының бақылауына түсті. Америка компаниясы «Вестингауз электр-ик интернейшнл кампани» аралдың электр станцияларының барлығын дерлік өз қолына алды.

Америка монополиялары Тайвань экономикасының жетекші саласы — қант өнеркәсібін де қылғын жіберді. Қант өндірісінің 60 проценттен астамы солардың бақылауында. АҚШ монополиялары сонымен бірге мұнай және камфара өнеркәсібінің кәсіпорындарын, химиялық тыңайтқыштар заводтарын өз қолына алды.

Америка монополияларының озбырлығы ауыл шаруашылығына да байқалуда. Америка қожайындарының талап етуі бойынша гоминданшы сұрқыялар шаруаларды күріш өсіруді азайтып, оның орнына қант қамысы мен камфара ағашын өсіруге мәжбүр етуде.

Америка бизнесмендері Тайвань экономикасына жүргізіп келе жатқан өздерінің үстемдігін өтпей жатқан товарларын сату үшін пайдалануда. Гоминданшы баспасөздің мәліметтеріне қарағанда, американдар 1950 жылдан 1954 жылға дейін Тайваньда 290 миллион доллардан астам ақшаға өтпей жатқан товарлар сатқан, мұның өзі бүкіл тайвань импортының 65 проценті шамасындай болады.

АЗЫҚ -ТҮЛІК ТОВАРЛАРЫНЫҢ ҮШІНШІ БРИТАН КӨРМЕСІНІҢ ЖАБЫЛУЫ

ЛОНДОН, 19 сентябрь. (СОТА). Азық-түлік товарларының үшінші британ көрмесі жабылды. Көрме жұмысының барлық кезеңдері бойында совет павильоны бүкіл жұртшылықтың назарын аударды. Күн сайын орташа есеппен алғанда, совет павильонына 40 мыңға жуық адам келіп отырды. Келушілер пікір білдіру кі-

табына совет халқына достық сезім білдіретін, Совет Одағының табытарына сүйсінгендік және Англия мен Совет Одағы арасында экономикалық және мәдени байланыстарының мұнан былай да дамытыла беруге тілектестік білдіретін жүздеген жазулар қалдырды.

Л. ДЕЛЮСИН.

табына совет халқына достық сезім білдіретін, Совет Одағының табытарына сүйсінгендік және Англия мен Совет Одағы арасында экономикалық және мәдени байланыстарының мұнан былай да дамытыла беруге тілектестік білдіретін жүздеген жазулар қалдырды.

сентябрьден бастап қысқа мерзімді ереуіге қатысқан бес радио қызметтері жөнінде өнеркәсіп және сауда министрі Юльвердің тұтқындауға рұқсат беруі ереуілдің тууына себепкер болған.

Француз радио қызметкерлерінің кәсіподағы техникалық қызметкерлердің жаппай ереуілі осы санкциялардың күші жойылғаннан кейін ғана тоқтатылатын болады деп жариялады.

ЧИЛИ ЖЕНШІЛЕРІНІҢ ЕРЕУІЛІ ӘЛІ БОЛЫП ЖАТЫР

НЬЮ-ЙОРК, 18 сентябрь. (СОТА). Ассоциатед Пресс агенттігі тілшісінің Сант-Ягодан (Чили) берген хабарына қарағанда, өкмет орындары Чилидің мыс өнеркәсібі жұмысшыларының конфедерациясының председателін және қазна-чейін тұтқына алған. Жұмысшылары ереуіл жасап жүрген рудниктер өскери өкмет орындарының бақылауына берілгеннен кейін бір күн өткен соң тұтқын-даулар жүргізілген.

Ереуіл жасап жүрген 15 мың жұмысшының көпшілігі ереуіл жасаушыларды армияға шақыру туралы үкіметтің бұйрық бергеніне қарамастан, әлі ереуіл жасауда.

ПАРИЖДЕГІ ҮЛКЕН ӨРТ

ПАРИЖ, 18 сентябрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, кеше таңертең Парижде «Вильморен-Андрие» (астық және тұқыммен сауда жүргізуші) фирмасының үйлерінде үлкен өрт шығып, осының нәтижесінде бірнеше сағаттың ішінде жалпы алаңы 10 мың шаршыметр болатын территориядағы астық қоймалары күйіп кеткен.

Алдын-ала алынған мәліметтерге сәйкес, өрттен болған заттай шығынның мөлшері 500 миллион франктай болады.

ХАНОЙДЫ ВЬЕТНАМ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМТІНЕ БЕРУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІ ТАЛҚЫЛАУ

ШАНХАЙ, 19 сентябрь. (СОТА). Вьетнам информациялық агенттігі 15 сентябрьде байқау және бақылау жөніндегі Халықаралық комиссия, Вьетнам Халық армиясының делегациясы және Француз Одағының делегациясы Француз Одағы әскерлерін Ханой қаласын Вьетнам Демократиялық Республикасының үкіметіне беруі туралы мәселені талқылауға кіріскендігін хабарлайды.

ЧЕХОСЛОВАКИЯНЫҢ ЮНЕСКО-ҒА КІРУІ

ПРАГА, 17 сентябрь. (СОТА). Чехословак телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, Париждағы чехословак елшісі Густав Соучек ЮНЕСКО-ның (оқу, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының) бас директорына нота тапсырған, онда Чехословакияның ЮНЕСКО-ға мүше болуға ұйғарғаны айтылған.

агенттігі тілшісінің Боннан берген хабарына қарағанда, АҚШ мемлекеттік секретары Даллес пен батысгерманиялық канцлер Аденауэр арасындағы келіссөздер аяқталған. Бүгін Боннан Лондонға жүрер алдында Даллес мазмұндама жариялаған, онда былай делінген: келіссөздерге қатысушылар «герман суверенитеті ең қысқа мерзімде қалпына келтірілуіне тиіс деген келісімге келді. Сонымен қатар олар Германия толық тәнділік шарттар негізінде Европаның хауіпсіздік системасына» (яғни атлантикалық блокке) «қатысуға тиіс деп келісті». Суверенитет деген сөз бетке ұсталып, Батыс Германияның қайта қарулануына шексіз-праволар беру көзделіп отырғаны жұртқа мәлім. Екі министрдің пікірінше, делінген

ДАЛЛЕСТІҢ АҚШ-ҚА ҚАЙТА ОРАЛУЫ

НЬЮ-ЙОРК, 19 сентябрь. (СОТА). Ассоциатед Пресс агенттігі тілшісінің хабарына қарағанда, АҚШ-тың мемлекеттік секретары Джон Фостер Даллес Батыс Гер-

манияны қаруландыру туралы келіссөздер жүргізгеннен кейін Бонн және Лондонға барған сапарынан кеше АҚШ-қа қайта оралған.

ДАНИЯ ФОЛЬКЕТИНГ ДЕПУТАТЫНЫҢ СОВЕТ ОДАҒЫНА БАРҒАН САПАРЫ ТУРАЛЫ ПІКІРІ

КОПЕНГАГЕН, 17 сентябрь. (СОТА). «Ланд ог фольк» газеті Совет Одағында болған Дания делегациясының мүшесі Внестре партиясынан сайланған Фолькетинг депутаты Нильсон Эриксенмен әңгімесін жариялады.

Бұл сапар, деп мәлімдеген Эриксен газеттің қызметкеріне, жақсы ұйымдастырылды және маған зор әсер етті. Эриксеннің пікірінше, ССРО-дағы ірі ауылшаруашылық өндірісі қазіргі заманғы техника-ны кеңінен пайдалануға мүмкіндік береді.

ЖАПОНИЯНЫҢ «ОМИ КЕНСИ» КОМПАНИЯСЫ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ЖЕҢІСІ

ПЕКИН, 19 сентябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің Токиодан берген хабарында «Оми кенси» тоқылма компаниясының 7 мыңға жуық жұмысшыларының 3 июньде басталған ереуілі 16 сентябрьде жеңіспен аяқталды, делінген. 106 күнге созылған күрестің нәтижесінде ереуіл жасаушылар кәсіпорнының әкім иелерін жұмысшылардың еңбек және тұрмыстық жағдайларын жақсартуға келісуге көндірген.

БОНН КЕК АЛУШЫЛАРЫ ҚҰТЫРЫНУДА

БЕРЛИН, 18 сентябрь. (СОТА). «Берлинер дейтунг» газеті Бонндан хабар жариялап, онда бұрын Батыс Германияның «Батыс қорғанысына», яғни Батыс соғыс одағына «қосатын үлесі» 24 дивизия болуға тиіс деп мәлімдеген Аденауэр, қазір батыс герман соғыс әскерлерінің санын көбейтуді талап етеді, делінген. АҚШ-тың мемлекеттік секретары Даллеспен келіссөздер жүргізген кезеңде хабарда көрсетілгендей, Аденауэр Батыс Германияда 50 дивизия жасақтау туралы ұсыныс енгізіп сөйлеген.

Бұдан кейін алматылықтар бірден шабуылға шықты. 5 минут өтпей-ақ, алаң иелерінің қақпасына бір доп түсірді. Енді екі команда футболшыларының арасындағы тартыс шиеленісе түсті. Алаң иелеріне шабуылға шығуға қолайлы жағдайлар кездесе де, олар оны шеберлікпен пайдалана алмады. 10 минут өткеннен кейін қомақтар энергиялықтардың қақпасына екінші допты өткізді.

Ойынның соңғы минуттарында алаң иелері қарсы шабуылға шығуына әрекеттенгенмен табысқа жете алмайды. Жақсы қорғалған қомақтардың қақпасына энергиялықтардың допты өткізуіне ешқандай мүмкіндік болмады.

Ойын 3:1 есебімен, алматылықтардың жеңісімен аяқталды.

В. ЕРЕМИН.

ҚАЛА КУБОГІ ҮШІН ФУТБОЛ ЖАРЫСЫ

Ерікті спорт қоғамдары футболшыларының арасында қала кубогін алу үшін футбол жарысы өткізілуде. «Локомотив» стадионында «Локомотив» — «Динамо» ерікті спорт қоғамдарының командалары кездесті.

Ойынның бірінші бөлімі екі команда футболшыларының да белсенділігіне өтті. Алаң иелері өздерінің мүмкіншіліктерін, ойын техникасын жете пайдаланады. Осы себепті екі команда да ойынның бірінші бөлімінде ешқандай нәтижеге жете алмады.

Ойынның екінші жартысында алаң иелері шабуылға шығып, динамолықтардың қақпасына хауін төндірді. Ақыры 22 минут өткенде теміржолшылар қомақтардың қақпасына бір топ өткізді. Бұдан кейін ойында ешбір өзгеріс болған жоқ. Ойын 1:0 есебімен теміржолшылардың жеңісімен аяқталды.

В. ЕКИМОВ.

Редактор - Г. МУХАМЕДЖАНОВ.



«УДАРНИК» кинотеатрында

«ГҮЛДІ ӘЙЕЛ»

Сеанстар сағат 5, 7, 9 және 11-де басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«БІЗ СІЗБЕН БІР ЖЕРДЕ КЕЗДЕСКЕН СЫЯҚТЫМЫЗ»

Сеанстар сағат 4-30, 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

Петропавл қаласындағы № 32 теміржолшылар ФЗО мектебіне күзгі оқуға 1936 жылмен 1937 жылдың март айына дейінгі туған жастарды паровоз кочегарлары мамандығына дайындайтын оқуға қабылдайды.

- Оқуға түсушілердің мынандай документтері болуға тиіс:
1. Паспорты.
 2. Білімі туралы куәлігі.
 3. Тұрған жерінен алған анықтамасы.
 4. Төрт фото суреті.
- Оқушылар екі комплекті киім-кешек, жатақхана, үш мезгіл тамақпен қамтамасыз етіледі.
- Мектептің адресі: Петропавл станциясы, 11 полоса отчуждения, № 32 ФЗО мектебі.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.